МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №101 (6394) 24 тамыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

AI КАМЕРА ЖҮЙЕСІ

апатты азайтады 3

АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

МӘСКЕУДІ ТЫҢДАМАҒАН БАСШЫ 7

ӘЛЕУМЕТ

ӘР КҮНДЕ БАҚЫТ БАР 8

РЕЙД

ЖАУАПСЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ 12

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛМАТЫ – ЕҢ ҚАУІПСІЗ ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ

Оған алғышарттар қазірдің өзінде әзір

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы сапары шаһарымызда талай өзекті мәселенің оң шешілуіне негіз болды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен мегаполис тұрғындарына орталықтандырылған су беру үшін жаңа су жинағыштарын жобалау мен салу жұмысы қызу жүргізілуде. Қала басшысы Медеу ауданындағы су мәселесі қалай шешіліп жатқанын мәлімдеді. Шаһарды үздіксіз сумен жабдықтау Наурызбай ауданы ықшамаудандары мен Медеу ауданының жоғарғы бөлігіндегі тұрғындар үшін өте өзекті мәселе екенін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев айрықша айтты. 4–5

САРАПТАМА

КОРЕЙ ТҮБЕГІНДЕГІ ТЕҢСІЗДІК:

ЖАРЫҚ ПЕН ТҮНЕК ТАРИХЫ

Корей түбегі – екі түрлі даму жолын таңдаған бір ғана халықтың өмір сүру аумағы. Яғни Корей Халықтық Демократиялық Республикасы және Корея Республикасы сынды екі мемлекетке бөлінген. Жер аумағы жағынан Солтүстік Корея (КХДР) – қазіргі Жетісу облысымен, Оңтүстік Корея – қазіргі Алматы облысымен шамалас келеді. Оңтүстік жарты түбектің халық саны солтүстіктен екі есеге көп, оңтүстікте 51 млн, солтүстікте 25 млн тұрады. Бірақ екі ел арасындағы айырмашылық тек халық санында емес. Оңтүстік Кореяның ЖІӨ-і солтүстік көршісінен 55 есеге көп, өмір сүру деңгейі жағынан 10 есе жоғары. Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, солтүстіктегілері орташа есеппен оңтүстіктегілерден 10 жыл аз өмір сүреді. Осы бір шағын аумақтағы әлеуметтік теңсіздік Батыс Еуропа мен Орталық Африка арасындағы айырмашылықпен бірдей. Сонымен, Корей түбегі бізге нені түсіндіреді? Бір аумақ, бір халық 70 жыл ішінде неге екі басқа әлемге айналып кетті? 2



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.08.2023

Түнде: +18+20 °С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +32+34°С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

25.08.2023

Түнде: +18+20°С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +32+34°С
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

САРАПТАМА

КОРЕЙ ТҮБЕГІНДЕГІ ТЕҢСІЗДІК:

ЖАРЫҚ ПЕН ТҮНЕК ТАРИХЫ

(Басы 1-бетте)

ТЕҢСІЗДІК ТЕОРИЯЛАРЫ

Біз өзіміз жасап жатқан әлемдегі теңсіздікті жоққа шығара алмаймыз. Сөз етіп отырғанымыз, әлеуметтік теңсіздік. Әлеміміз шекараларға бөлінген мемлекеттермен, түрлі деңгейдегі өмір сүру сапасымен айырмаланады. Былай қарасаңыз, көршілес екі елдегі әлеуметтік даму мен азаматтардың табыс деңгейі, өмір сүру ұзақтығы әртүрлі. Бір кездері жалпыға бірдей мойындалған жаһандану үрдісі және технологиялық дамудың қарқыны да бұл теңсіздікті жоя алмады. Жасырары жоқ, соңғы жылдары елімізде де қордаланған терең әлеуметтік мәселелер біртіндеп күн тәртібінің алдына шықты. Турасында, бұл ұдайы басты назарда тұруға тиісті мәселе еді. Қалыптасқан жағдайымыз мемлекет пен қоғамға оны шешудің жаңа ауыр міндеттерін жүктеді. Енді бір жағынан қоғам өкілдеріне өзімізді өзге әлеммен салыстыра қарауға, әлемдегі теңсіздіктің түпкі мәніне үңілуге итермеледі.

Сонымен, әлем елдеріндегі өмір сүру сапасының бірдей болмауында басты себеп не? Бұл сауал ұзақ уақыт әлеуметтанушылардың, экономистердің, саясаткерлер мен тарихшылардың зерттеу түйіні болды. Әрі зерттеушілер жағынан түрлі теориялар да ортаға салынды. Бірі географиялық орналасудағы артықшылық кейбір елдерге дамудың аса мол табиғи мүмкіндігін беретінін алға тартты. Енді бірі мәдени-тарихи факторлар дамуға тікелей әсер етеді деп көрсетті. Былайша айтқанда, кейбір елдердің экономикалық дамуына тұсау болып отырған олардың менталитеті мен діни сенімдері болуы мүмкін дегенге саяды. Бұл көзқарасқа сенсеңіз ағылшын құндылығы, Батыс Еуропа құндылықтары әлеуметтік дамуға ыңғайлы болып келеді екен-мыс. Зерттеушілердің енді бірқатары одан да әсіре ойларды айтады. Яғни ақыл-ой дамуында айырмашылықтар бар, бұл айырмашылық түрлі елдің дамуын түрлі деңгейде қалыптастырады дегендей. Алайда, өзінше дәлелдері мен дәйектері бар бұл көзқарастарды теріске шығаратындар да бар. Айталық, Дарон Асемоғлы мен Джеймс Робинсон өздерінің «Мемлекеттер неге дамымай қалады» атты қосавторлық еңбектерінде ұлттық дамудың географияға, мәдени-тарихи ерекшеліктерге тікелей тәуелді еместігін дәлелдеуге тырысқаны бар. Ал біз жоғарыда айтып өткен Корей түбегі міне, соның айқын дәлелі.

ТЕОРИЯЛАРДЫ БҰЗҒАН ТҮБЕК

Бұл күндегі Корей түбегіндегі геосаяси жағдай өткен ғасырдың орта шеніндегі державалар арасындағы қарымқатынастың нәтижесі деуге болады. Соғыста тізе бүккен Жапонияның отарынан азат болғанымен, шағын түбек енді екі үлкен лагерь арасындағы таластың қызу нүктесі болды. Түбектің терістігіне Мәскеу, түстігіне Вашингтон ықпалы орныға бастады. Мүлде қарама-қайшы екі ұстаным мен екі түрлі құндылық көп ұзамай мәселені соғыспен шешуге тырысты. Осы кезде іс басына Бейжің де араласты. Капиталистік және социалистік екі алып лагерь шағын түбекті 1945 жылы қазіргідей екі бөлікке бөлді. Ал 1953 жылдан бастап екі ел екі түрлі даму жолына түсті. Әне, содан қазірге дейінгі уақыт түбекте екі түрлі даму деңгейін, екі түрлі өмір сүру сапасын, екі түрлі экономикалық өсімді қалыптастырды. Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея аталған екі мемлекет бүгіннің өзінде бейбітшілік келісіміне қол қойысқан емес, тек уақытша тыныштық келісімі аясында тұр.

Ал осы түбектің соңғы 70 жылдық тарихы жоғарыда айтып өткен теңсіздік теорияларын тас-талқан етіп бұзды. Анығында, бұл теориялар экономистер мен әлеуметтанушыларды, саясаттанушылар мен тарихшылардың ортасында ұзақ уақыт салтанат құрған еді. Корей түбегін мысал ете отырып алдыңғы көзқарастарды талдаған кезде манағы айтылған әлемдік теңсіздікке қатысты түсіндірулер жарамсыз болып қала берді. Себебі, географиялық артықшылық дейтіндей бір ғана түбекте үлкен географиялық айырмашылық жоқ еді. Аумағы бұрынғы Алматы облысымен бірдей көлемде қаншалықты климаттық айырмашылық болуы мүмкін. Оның үстіне, қазір екі елде жасап жатқан халық мәдениеті мен тарихы жағынан жыға танып айырғысыз бір халық екені мәлім. Ал ақыл-ойдың дамуына қатысты көзқарастар онсыз да өткен ғасырдың қойнауында өздігінен жоғалған. Сонымен, зерттеушілердің басым көп тобы экономистер алға тартқан экономикалық даму тікелей экономикалық институттар мен экономикалық саясатқа ғана бағынышты деген теорияны мойындай бастады.

ТҮБЕКТІ ЕКІГЕ БӨЛГЕН ТАҢДАУ

Корей түбегінде КХДР мен Корея екі түрлі даму жолын таңдап бөлінгеннен тартып, оңтүстік тарапы барынша жеке меншікке басымдық берген экономикалық саясатты қолдап отырды. Тіпті, бертінгі дәуірге дейін Оңтүстік Кореяның өзі диктатураның сірескен шырмауынан шыға алмай, ел ішінде күрделі саяси жағдайларды бастан кешіп келген. Алайда, тура таңдалған экономикалық бағыт пен саясат мейлінше икемділік танытты. Пиоңяң (Пхеньян) болса мұның керісінше экономиканы орталықтандырып, жоспарлы қатаң жүйені, яғни ұжымдық экономикалық саясатты ұстанды. О бастан белгілі болғанындай, екі елде азаматтарды экономикалық ынталандырудың екі түрлі тәсілі біртіндеп өзінің ұқсамаған нәтижесін көрсетті. Солтүстік Кореядағы жекеменшікке салынған тыйым қоғам мүшелерінің инвестициялауға деген ынтасын өлтірді. Кеңес Одағының үлгісіне ұқсас еңбек күш ресурсын қажетті салаларға тиімді бұрып отыруға тиіс орталық билік мүлде икемсіздік танытты. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы да, индустриясы да дамуға мүмкіндік ала алмады. Экономикалық институттар ел азаматтарының игілігіне емес, Ким әулетінің және оны қолдаушы бірнеше әулеттің игілігіне ғана жұмыс істейтін болып шықты. Қазірге дейін Солтүстік Кореяны билеген Ким әулетінен шыққан бірде-бір жетекші экономикалық саясатты өзгертуге тырысқан жоқ. Себебі, өзіне ыңғайлы бұл жүйені өзгертуге құлықсыз болды.

Азаматтарға кеңірек құқықтық мүмкіндіктер берілген және инвестиция мен саудаға барынша ынталандыратын экономикалық институттары бар Оңтүстік Кореядағы жағдай қазір айтпаса да түсінікті. Бұл елдің өркендеуіндегі тәжірибелерді зерттеген кейбір зерттеушілер өз кезінде Оңтүстік Кореяда азаматтарға және олардың білім алуына көбірек инвестиция да салынғанын айтады. Бұл қоғам мүшелерінің жаңа реформаларға бейімділігін арттыра түскен фактордың бірі. Осылайша Оңтүстік Корея тиімді саяси және экономикалық институттарының арқасында әлемдегі қарқынды дамыған елге айналып шықты.

Егер екі елдегі қарапайым екі адамды салыстырғанда, бұл айырмашылықты былай түсіндіруге болатын шығар: Солтүстік Кореяның тумасы Пак (мысал ретінде) мектеп жасынан тартып мемлекет белгілеген ережелердің шеңберінде таңдау жасайды. Мектеп қабырғасында мемлекеттік насихатпен әбден «сусындап», кейінгі тағдыры да тікелей әскери және саяси түзімдер ішінде өтеді. Оның жеке меншігіндегі мүлкі болмайды, болған күнде де өз қажеттілігін өтей алмайды. Әскер қатарында болса да әскери киімді мемлекеттен жалға алады. Қандайда бір бизнес ашып байып кетуге құқығы да, еркіндігі де жоқ. Оңтүстік Кореяда өскен Йон (мысал ретінде) мектеп қабырғасынан бастап сапалы білім алады. Ата-анасының әлеуметтік жағдайы жақсы болғандықтан қосымша білім алуға да мүмкіндігі мол. Нарықтағы еркіндік оған қандай мамандық оқыса табысы жақсы болатынын түсіндіріп тұрады, әрі сол мамандықты оқып, кейін табысты қызметкер немесе жеке кәсіпкер болуына болады. Алғашқы бизнесінің өзін түрлі деңгейдегі банктер инвестициялайды немесе төмен өсімді несиелермен қамтамасыз етіледі. Түйіндеп айтар болсақ, экономикалық институттардың Йонды ынталандыруы оның нарыққа, тұтас экономиканың клеткасына айналдырып жібереді. Бұл ауқымды масштабқа келгенде Оңтүстік және Солтүстік Кореяның айырмашылығын қалыптастырады.

ЫНТАЛЫ ҚОҒАМ – МЕМЛЕКЕТТІ ДАМЫТУШЫ КҮШ

Қазіргі әлем елдерінде экономикалық институттардың екі түрі бар екенін зерттеушілер алға тартады. Бірі – мемлекеттік басқаруға көбірек жағдай жасайтын, элитаның мүддесіне оңтайлы келетін экстративті экономикалық институттар болса, екіншісі – нарықты құраушыларға барынша таңдау еркіндігін, экономикаға қатысу мүмкіндігін беретін инклюзивті экономикалық институттар. Міне, осы қарапайым әрі күрделі айырмашылық Корей түбегіндегі жарық пен қара түнекті қалыптастырған. Олардың қайсысы қайсы экономикалық институттарды қолданып отырғаны жалпы көпшілікке түсінікті. Екі Кореяның мысалы түсіндіргендей, көп жағдайда мемлекеттердің дамуы оның географиялық орналасуы мен мәдени-тарихи ерекшеліктеріне, не болмаса жерасты байлықтарына тәуелді емес. Тек қай елдің экономикалық, саяси-әлеуметтік институттары қоғам мүшелерін ынталандыруға бейім болса, сол ел дамуға соншалықты бейім. Әрі бұл елдегі әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешуге болады.

Қазіргі біздің қоғам мүшелерінің сыртқы әлемдегі әлеуметтік теңсіздікке қатысты көзқарасы біртіндеп қалыптасып келеді. Қоғам мүшелеріндегі бұл ізденіс еліміздің болашақ дамуына өз септігін тигізері анық. Біз өзіміздің қоғам мүшелерінде ақыл-ой алмасу деңгейінің жоғары екенін, әлемдегі жаңа үрдістер мен озық жетістіктерді қабылдауға мейлінше бейім екенін сеземіз. Мұндай артықшылықтарды мемлекет тарапы елдің әлеуметтік дамуында тиімді пайдалануы маңызды. Сондықтан қоғамның қос тарапы бірдей әлемдік тәжірибелер жөніндегі пікір бірлігін тауып отырғаны тиімді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

АЛАЯҚТАРҒА ТҰСАУ САЛЫНБАҚ

Онлайн несие рәсімдеу қиындайды

Қазір банк қосымшасы арқылы әлеуметтік төлемдерді төлеп, үйде отырып-ақ несие рәсімдеуге болады. Бірақ қосымшадағы барлық қызмет түрін қолдана берудің қажеті жоқ. Себебі, жүйедегі мұндай жаңашылдық жұмысты біраз жеңілдеткенімен, қауіпсіздік жағынан осал болып тұр.

Жақында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі электронды тәсілмен шағын несие беру қағидаларына түзетулер ұсынды. Енді біреудің атынан басқа тұлға несие рәсімдегені сотта дәлелденсе, жауапкершіліктен болатылады. Сондай-ақ, онлайн несие рәсімдеу қиындайды. Бұрын сайтқа тіркеліп, жеке куәлігін көрсетіп қана қарыз алатын еді. Енді ол өзінің жеке басын куәландыруы міндетті. Жеке басты куәландыру үшін биометриялық сәйкестендіру, электрондық цифрлық қолтаңба, екі факторлы аутентификация талап етіледі.

Басқаның атынан несие рәсімдеген адамға хабарласып, «сізге қателесіп ақша аударып жібердім. Маған кері қайтарыңыз» деп шотына немесе терминал арқылы өзіне қайтаруын сұрайды. Ал банк шотына микроқаржы ұйымынан түскен ақша «сіз займ алдыңыз» деп емес, «басқа банктен ақша түсті» деген ақпарат келеді. Мұндай жағдайда сіздің шотыңызға басқа жақтан ақша түскен болса, бірден банкке хабарласып, кімнен келгенін білу керек. Тағы бір жолы алаяқтар хабарласып, «екінші деңгейлі банктен біреу сіздің атыңыздан несие алып жатыр. Несиеден бас тарту үшін маған өзіңіз туралы ақпарат айтыңыз» деп, тіпті банк картасының нөмірі мен соңғы 3 санды да сұрап алып жатады. Содан соң несие алынып қойды, енді оны бізге қайта жіберіңіз деп ақшаны өздеріне қайтарып алады. Алданған азаматтар төлем уақыты келгенде ғана алданғанын тым кеш түсінеді. Сондықтан біреу-міреу несие, ақша туралы хабарласса, бірден банктің өзіне хабарласқан жөн.

Бірде несие тарихы өте жақсы танысыма «тезірек картаңыздың нөмірін, құпия сөзді айтыңыз, сіздің атыңыздан несие алып жатыр» деп хабарласыпты. Сол сәтте телефон үзіліп кеткен. Банкке хабарласып, бұл ақпараттың жалған екенін білді.

Кейбіреуі атынан микрозайм алынғанын шоты бұғатталғанда бір-ақ білген. Несие рәсімделгенін бұғат қойылғанда ғана білетін жағдайлар өте жиі кездесетінін заңгерлер де растайды. Алаяқтық фактісі анықталса, ең бірінші кезекте банктен немесе микроқаржы ұйымынан қарыз шартын алу керек. Қарыз шартындағы адам туралы барлық ақпарат пен байланыс телефондарын тексеру керек. Несиеге өтініш берген кезде телефон нөміріне құпия сөз келу арқылы келісім береді. Танысы, туысы немесе досына несие алып беріп, қарызын өтей алмай жүргендер көп.

Алаяқтық жағдайда көбіне келісім-шарттағы телефон нөмірі мүлдем басқа болып шығады. Алдымен телефон нөмірі тіркелмегені туралы ақпарат алу керек. Бұл ақпаратты байланыс орталығынан алуға болады. Содан соң жергілікті полиция органына арыз жазып, ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабының 2-бөлігі 4-тармақшасы ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық бойынша іс қозғалады. Одан соң алданған азамат өзін «жәбірленуші» деп тану туралы қаулыны алуы керек. Осы құжаттарды дайындаған соң несие келісім-шартын жарамсыз деп тану және кредиттік тарихқа өзгеріс енгізу бойынша, азаматтық істер бойынша талаппен сотқа жүгіну қажет. Себебі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі соттың шешімімен бұл әрекет заңсыз және келісім-шарт жарамсыз деп танылған жағдайда ғана несие тарихына өзгеріс енгізе алады.

Заңгерлердің пікірінше, ең дұрысы – алаяқтардан сақтану. Жәбірленуші қарызды төлемей, заң арқылы мәселені шеше алады. Тиісті сот орындарына шағымдану керек. Өйткені, қазір көбіне жеке куәлікке қатысты мәліметтер дұрыс болғанымен, жеке шотқа қатысты мәліметтерден қате шығады. Бұл деректер арқылы заңсыз рәсімделген несие екенін дәлелдеуге болады.

«Маман ретінде кез келген адамға өзі туралы жеке ақпаратты айтпауға кеңес беремін. Жеке куәлік көшірмесін әркімге жібермеу керек. Өз құқығын білмейтін адамдар қорқақ болып келеді. Алаяқтарға жиі алданады. Әккі алаяқтар психолог сияқты адамды әбден зерттеп алады. Өздері алаяққа несие рәсімдеп бергенін түсінбейді. Телеграм бойынша кездесетін алаяқтық түрі көп. Жүргізуші куәлігін сату, телеграмм каналын бұзу, оны қайтару үшін ақша талап ету, фотосуреттерді таратамын деп қорқыту бар. Жалпы телеграмға, басқа да әлеуметтік желілерге келген сілтемелерді ашуға болмайды. Қазір өкінішке қарай, «қолыңның ұшын қимылдатпай-ақ көп ақша табасың» деген жалған жарнамаға алданатындар көп. Әсіресе, телеграмда алаяқтардың дәурені жүріп тұр. Мұндай алаяқтық істерді көбіне шетел азаматтары жасайтындықтан, алаяқтық туралы іс қозғалғанымен, ақшаны қайтарып алу екіталай», – дейді заңгер Жанбота Кәрібек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Амангүл ҚЫДАНҚЫЗЫ, заңгер:

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚОЛДАН ЖАСАЙДЫ

Азаматтарды екінші деңгейлі банктің мобильді қосымшасын немесе қашықтан басқаруға арналған сервисті орнатуға үгіттеп, смартфонды қашықтан басқаруға мүмкіндік алып, шот ашады, несие рәсімдеп, шоттағы ақшаны ұрлайды. Атап айтар болсақ, алаяқ қоңырау шалғанда әңгіме барысында дербес әрі құпия деректерді, шоттағы ақшаны, СМС пен CVV кодтарды беруді талап ету арқылы айласын жүзеге асырады. Жеке басын растайтын құжаттарды немесе анықтамаларды қолдан жасайды.

Тәжірибемде А. есімді азаматқа өзін Халық банк қызметкері деп таныстырған алаяқ түрлі айла тәсілмен шотынан 500 мың теңгесін аударып алады. Кейін банк қызметкері қоңырау шалып, алаяқтық факт болғанын хабарлап, дереу картасын бұғаттауын, банк бөлімшесіне келіп арыздануын сұрайды. Бұл жерде алаяқтықтың алдын алмай, банктің қауіпсіздік қызметі қайда қарап отыр?! Бірден банк үстінен қылмыстық іс қозғалуы керек еді. Жәбірленуші азамат Қызылорда облысының тұрғыны болса да, алаяқтық Алматыда болған. Қылмыстық іс Алматы қаласы Әуезов аудандық полиция басқармасына келіп түсті. Іс қаралуда, сотқа өтуін күтудеміз.

Банк жүйесіне өзгеріс енгізіп, оларға да жауапкершілікті артуымыз керек. Әйтпесе, біржақты қаралған істің одан әрі созылуы әбден мүмкін.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Англия полициясы ірі жол бойына AI камера жүйесін орнатты. 72 сағаттан кейін ол заң бұзған 300-ге жуық жүргізушіні ұстады. Тағы 5 күннен кейін бұл сан 1000-ға жетті.

AI КАМЕРА ЖҮЙЕСІ

апатты азайтады

Жақында Англияның оңтүстігіндегі Корнуолл графтығының полициясы жүргізушілердің қауіпсіздік белдігін тақпауы немесе көлік жүргізу кезінде хабарлама жіберу сияқты құқық бұзушылықтарды анықтау үшін жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін AI камерасы жүйесін сынай бастады.

Acusensus AI технологиялық компаниясы жасаған жүйе қауіпсіздік белбеуімен байланысты 180-ге жуық және ұялы телефондармен байланысты 117 құқық бұзушылықты анықтады, Vision Zero South West аймақтағы бірнеше ұйымдардың, соның ішінде полицияның бірлескен жобасы, делінген баспасөз хабарламасында.

Еркін тұрған камера жүйесі Лондоннан елдің оңтүстік-батыс шетіне дейін созылып жатқан негізгі жол A30 бойында орнатылды. Жүйе ол орналастырылған аумақтардағы көлік ағынын қарастырады, содан кейін жоғары ысырма жылдамдығын, инфрақызыл жарқылды және линза мен сүзгілеу жүйесін пайдаланып өтіп бара жатқан көліктердің анық кескіндерін жазады. Содан кейін AI суреттерді қарап шығып, заң бұзған жүргізушілерді белгілейді.

AI белгілеген фотосуреттер қарау үшін адамға жіберіледі. Егер құқық бұзушылық дұрыс анықталса, жүргізушіге құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай ескерту немесе болжамды жауапкершілікке тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Бұл жолдағы құқық бұзушыларды ұстау үшін AI бақылау жүйесін қолдану бірінші рет емес. Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін камералар көптеген жылдар бойы мас болып көлік жүргізуден бастап, жеткізу қызметкерлерінің ұйықтап кетуіне дейін – барлығын анықтау үшін қолданылған.

Компанияның мәліметінше, Acusensus жүйесі өткен жылы Англия мен Австралияның бірнеше жерінде сынақтан өтті. Осы жылдың басында, сондай-ақ Ұлыбританияда, көліктер терезелерінен қоқыс лақтыратын жүргізушілерді ұстау үшін тас жол бойында AI камералары орнатылды.

Барселона метро жүйесі жол жүру ақысын төлеуден жалтарғандарды ұстау үшін AI бейне талдау жүйесін пайдаланады, ал NYC метро жүйесі жақында жолақы төлеуден жалтару үлгілерін талдау үшін сол AI бағдарламалық құралын пайдалана бастады.

Девон және Корнуолл полициясының жол қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Адриан Лейск баспасөз хабарламасында рөлде телефондарын пайдаланып, қауіпсіздік белдігін тақпаған жүргізушілердің саны көңіл көншітпейді деп айтты. «Біз бұл жаңа технологияны рульде телефонын пайдалануды жалғастыратын кез келген адамға нақты хабарлама жіберу үшін қолданамыз», – деді.

Жасанды интеллектпен жабдықталған камера туралы ақпаратты не үшін жазып отырмыз? Себебі, жақында ғана елдің бірнеше өңірінде ірі жол апаты болып, ондаған кісі қайтыс болды. Жол бойына AI камера жүйесін енгізу ісін Қазақстанда да жүзеге асыру керек деп есептейміз.

Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист, IT маманы.

ТӘРТІП

ЗАҢСЫЗ НЫСАН БҰЗЫЛДЫ

«Жұлдыз» ықшамауданындағы «Восток» кафесінде кеңейту шаруашылық тәсілмен тұрғызылды.

Бұған дейін басқарма тұрғынның өтініші бойынша тұрғын үйге қосымша құрылыстың заңдылығына жоспардан тыс тексеру жүргізген болатын. Тексеру нәтижелері бойынша қосымша тиісті рұқсат құжаттарынсыз тұрғызылғаны анықталды, бұдан басқа заңсыз нысан мемлекеттік қордың аумағында орналасқан.

Басқарма меншік иесіне қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 319, 323-баптары бойынша материалдарды Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына жібере отырып, шаралар қабылдады.

Бүгінде заңсыз кеңейту соттың шешімімен бұзылып, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын босатты.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АЛМАТЫ – ЕҢ ҚАУІПСІЗ

Оған алғышарттар

Шаһар басшысы Алматы қаласын дамыту жөніндегі кеңесте хабарлағандай, қаламызда жылыту маусымына қызу дайындық жүргізілуде. Алматыда медициналық инфрақұрылым қалай жақсартылды? Денсаулық сақтау мәселесінде батыл қадамдар өте құптарлық. Шаһар басшысының айтуынша, жыл соңына дейін 4 мемлекеттік балабақша ашылады. Алматы қаласының әкімі мегаполисті дамыту жөніндегі кеңесте қаланың балабақшасы мен мектептерінде кезек санын төмендету орайында нақты шаралар қабылданып жатқанын баяндады.

Педагогтардың қауіпсіздігі мен біліктілігі қандай? Алматыда білім беру саласында қандай жұмыстар атқарылды? Алматыны көгалдандыру жайы қалай? Қала басшысы Ерболат Досаев осы өзекті мәселелермен бірге, шаһарымызда көшет отырғызудың да жаңа ережесі қабылданғанын мәлім етті.

Шыны керек, Алматы – от пен судың ортасында тұр. Дегенмен, қаланың тұрақты су басатын аумақтары қазірдің өзінде ретке келіп қалды. Мемлекет басшысымен болған басқосуда Үкіметке Алматыда техникалық байқау станцияларының жауапкершілігін күшейту ұсынылды. Бір қуанарлығы, қаламызда цифрлық қауіпсіздік жүйелері енгізу өте қарқынды жүргізілуде. Мегаполисіміздің байыпты бастамаларын Үкімет қолдаса, көп ұзамай Алматы еліміздегі ең қауіпсіз қалаға айналайын деп тұр.

Ләйім, солай болғай!

(Басы 1-бетте)

4 жаңа су жинағыш салынады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев шаһарда 4 жаңа су жинағыштың қашан салынатынын айтты. Алматыда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен мегаполис тұрғындарына орталықтандырылған су беру үшін 4 жаңа су жинағышты жобалау мен салу жұмыстары жүргізілуде.

Ерболат Досаев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Алматы қаласын дамыту жөніндегі жиында атап айтқандай, жобалық қуаты – тәулігіне 15 мың текше метр болатын, 50 мың тұрғынды қамтитын «Қарғалы» су жинағышына қатысты жұмыс 2020 жылдың наурыз айында басталды.

Мемлекет басшысына «Мердігерлік компанияның жұмысына байланысты аяқтау мерзімі бірнеше рет кейінге қалдырылды. Осы жылдың маусым айында «ҚазҚСҒЗИ» АҚ-мен бірлесіп салынған резервуарларды толтыру бойынша тестілік сынақ өткізіліп, тесіктер анықталды. Мердігер қазір ақау кеткен тұстарды реттеп жатыр, жоба күзде аяқталуға тиіс» деп мәлімдеген болатын Ерболат Досаев.

Наурызбай ауданының батыс бөлігінің 100 мың тұрғынын қамтитын, жобалық қуаты тәулігіне 22 мың текше метрге жететін «Ақсай» су жинағышының жұмысы 2022 жылдың тамыз айында басталған болатын. Бірақ материал мен құрал-жабдықтың қымбаттауына байланысты бүгінде жобаның ЖСҚ-ға түзету енгізіліп жатыр. Бұл жұмыс 2023 жылдың 4-тоқсанында қайта жалғасып, 2025 жылдың қыркүйегінде аяқталады деп жоспарланып отыр.

«Жобалық қуаты тәулігіне 9 мың текше метр, 22 мың тұрғынды қамтитын «Ерменсай» су жинағышының осы күнгі құрылыс алаңын ауыстыруға байланысты ЖСҚ түзету аяқталып келеді. Бұл жобаны 6,5 млрд теңгеге дейін арзандатуға мүмкіндік береді. Құрылыс 2024 жылдың 2-тоқсанында басталады. Су жинағышты 2025 жылдың соңына таман іске қосу жоспарланып отыр», – деді қала басшысы.

Ал қуаттылығы тәулігіне 43 мың текше метр «Барлық» су жинағышы қосымша 80 мың тұрғынды қамтуға мүмкіндік береді. Бұл бойынша ТЭН әзірлеу басталды, жоба 2026 жылы аяқталады деп жоспарланған. Су жинау 12 жаңа ұңғыманың арқасында жерасты көздерінен су жинайды. Әкімнің пікірінше, аталған нысандардың уақытылы аяқталуы Алматының 250 мың тұрғынын сапалы сумен үздіксіз қамтамасыз етуге жол ашады.

4 ұңғыма мен 2 резервуар құрылысы басталды

Алматы әкімдігінде Медеу ауданындағы су мәселесі қалай шешіліп жатқаны айтылды. Қаланы сумен үздіксіз жабдықтау – Наурызбай ауданындағы «Ақжар» мен «Шұғыла» ықшамаудандары мен Медеу ауданының жоғарғы бөлігіндегі тұрғындар үшін өзекті мәселе.

«Былтыр күзде тұрғындардан келген көптеген өтінішті ескеріп, «Qazaq stroy» жеке инвесторын тартып, биыл наурыз айынан бастап магистральдық су құбырын, сорғы станциясы мен су резервуарларын салу жобасы әзірленіп, іске асырылуда. Олардың барлығы биыл 1 тамызда пайдалануға берілді. «Ақжар» мен «Шұғыла» ықшамаудандарының 35 мың тұрғыны қамтылды». Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Алматы қаласын дамыту жөніндегі кеңесте шаһар басшысы Ерболат Досаев осылай деп мәлімдеді.

Қала әкімі айтқандай, Медеу ауданының Каменск үстірті, Көлсай, Мұзтау мен «Юбилейный» ықшамаудандары сумен үздіксіз жабдықталған жоқ. Бұл мәселені шешу үшін биылғы наурыз айында «Балқаш» су жинағышындағы ТЖ желісінде қуатты тәулігіне 7,2 мың текше метр 4 ұңғыма мен 2 резервуар құрылысы басталды. Аталған жұмыс осы жылдың соңына таман аяқталады. Бұл шаруаның оңынан бітуі 20 мың тұрғынды сумен қамтуға мүмкіндік береді.

Қала әкімі Ерболат Досаев: «Жерүсті су көздеріне тәуелділікті айтарлықтай төмендету барысында әкімдік қаланың әл-Фараби даңғылынан жоғарғы бөлігін ағымдағы жылдың соңына дейін сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін 3 су жинағышты жобалауды бастады», – деп мән-жайды баяндады.

Жылыту маусымына толық дайындық 1 қазанға дейін аяқталады

Қаламызда жылыту маусымына қызу дайындық жүргізілуде. Әкім Е.Досаев Алматы қаласын дамыту жөніндегі кеңесте хабарлағандай, биыл 15 тамызға дейінгі энергия кешені мен инженерлік желінің жалпы дайындығы – 75,6%. Жылумен жабдықтау бойынша дайындық – 75%, электрмен жабдықтауда – 72%, газбен жабдықтауда – 77%, сумен жабдықтау мен су бұру – 80%. Бұл ретте Алматыда көмір отын қорымен қамтамасыз ету – 123%.

«Алматы қаласының коммуналдық шаруашылығының алдағы жылыту маусымына толық дайындығы 1 қазанға дейін аяқталады», – деді Ерболат Досаев

Медициналық инфрақұрылымның негізгі көрсеткіші жақсарды

Жаңғырту мен құрылыс: Алматыда медициналық инфрақұрылым қалай жақсартылды? Осы сауалға жауапты қала басшысы биыл Алматының Жетісу мен Әуезов аудандарында 2 жаңа емхана ашылғанынан бастады. Сонымен бірге, жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отырған 4 ОДА (отбасылық дәрігерлік амбулатория) құрылысы басталды. Бұл туралы әкім Ерболат Досаев Алматы қаласын дамыту жөніндегі кеңесте мәлімдеді.

Қала әкімі Ерболат Досаев былай деді: «Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе базасында әзірленген МСАК (медициналық-санитарлық алғашқы көмек) жаңа бірыңғай стандартына сай, 11 емхана мен ОДА үшін ЖСҚ әзірлеу жүргізілуде. Бұл стандарт медициналық көмек көрсету регламентіне, жобалық-технологиялық шешімге, цифрландыру мен емханалардың менеджментіне қолжетімділік, сапа, технологиялық және жайлылық сынды 4 негізгі критерийлер мен түбегейлі өзгерісті көздейді. Қаланың жұмыс істеп тұрған 10 ірі көпсалалы стационары мен перзентханасын салу мен жаңғыртуда кешенді бағдарлама басталды».

Әкімнің айтуынша, денсаулық сақтаудың кадрлық әлеуетін күшейтуге ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша 3500 дәрігер мен медбике еліміздің ғылыми медициналық орталықтарында, Германия, Израиль мен Түркия клиникаларында біліктілігін арттырады. Қаланың тапсырысы бойынша биыл 1 қыркүйектен бастап 140 резидент пен магистрантты оқыту басталады.

Шаһар басшысының мәлімдеуінше, биылғы бірінші жартыжылдықта негізгі көрсеткіштер жақсарған.

Жалпы, өлім-жітім – 11%-ға, ана өлімі – 32,4%-ға, сәби өлімі – 35,5%-ға төмендеген.

ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ
қазірдің өзінде әзір

Биыл 4 мемлекеттік балабақша ашылады

Шаһарымызда жыл соңына дейін 4 мемлекеттік балабақша ашылады. Алматы әкімі мегаполисті дамыту жөніндегі кеңесте қаланың балабақшалары мен мектептерінде кезек санын төмендету бойынша қандай шаралар қабылданып жатқанын айтты.

«Бірінші кезекте, мектепке дейінгі білім берудегі бұл мәселенің шешімін жеке бизнесті тартудан көреміз. Биыл 76 жекеменшік балабақшада 5330 орынға тапсырыс берілген. Осы жылдың соңына дейін 860 орынды 4 мемлекеттік балабақша ашу жоспарланған. Мектептердегі оқушы орындарының тапшылығы өзекті мәселе болып қала береді. Сондықтан жыл соңына дейін жергілікті бюджет пен жеке инвестициялар есебінен 5670 орынды 11 мектеп пен қосымша құрылыс пайдалануға беріледі», – деп баяндады Ерболат Досаев.

Бұған қоса, әкімдік «Саялы», «Зерделі» ы/а-да 2024-2025 жылдары пайдалануға берілетін 1100 орынды 2 мемлекеттік мектеп пен 2950 орынды 8 қосымша құрылысты жобалау мен салуды жалғастырып отыр.

Мегаполистегі маңызды кеңесте Алматының әкімі: *«Қала үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы ерекше маңызды. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-мен бірлесіп, бүгінде мектеп құрылысына инфрақұрылым дайындау аяқталуда. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 19 млрд теңге қарастырылған»,* – **деп мәлім етті.**

Бұған дейін Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесінде хабарланғандай, жаңа форматтағы мектептердің басым бөлігі Алатау мен Наурызбай аудандарында – 5 мектеп салынады. Бостандық ауданында – 4, Түрксіб ауданында – 3, Әуезов ауданында – 2 мектеп, ал қалған аудандарда – бір-бір мектептен салу көзделген. Мектептер тапшылық қатты байқалатын жерлерде бой көтереді.

Әрі Алматыда 2024-2025 жылдары 1440 орынды 2 мемлекеттік колледж құрылысы жүріп жатыр. Ал биылғы маусым айында Наурызбай ауданында Балаларға арналған инновациялық шығармашылық орталығы ашылды. Биыл 25 тамызға дейін Алатау ауданында да осындай орталық ашылады.

Сонымен қатар, биыл 1 қыркүйектен бастап алғаш рет 30 мектепте «Мектеп автобусы» жобасы іске асырылып, 100 автобус сатып алынды. Биыл 7,7 мыңнан астам баланы автобуспен тасымалдау қамтылады.

Инклюзивті білім беру жобасы жүзеге асуда

Педагогтардың қауіпсіздігі мен біліктілігі: Алматыда білім беру саласында қандай жұмыстар атқарылды? Осы мәселеге орай, қала әкімі Е.Досаев Мемлекет басшысының қатысуымен болған басқосуда білім беру саласында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінетінін атап айтты. Сондықтан жыл соңына дейін Алматыда барлық 206 мемлекеттік мектепте, 8 интернатта және 193 мемлекеттік балабақшада кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізу аяқталады. Бұл ретте полиция департаментінің жедел басқару орталығымен біріктірілген «дабыл» түймесі, өткізу жүйесі (турникет), өрт қауіпсіздігі жүйесі мен бейнебақылау камералары орнатылады.

Сонымен қатар, 2023 жылы басшылар мен педагогтарды оқытудың кешенді бағдарламасы кеңейтілді. Енді оған тек орта білім беру мектептерінің ғана емес, мектепке дейінгі ұйым мен колледж менеджері мен мұғалімдері де кірді.

Осыған орай, Алматы қаласының әкімі: «Инклюзивті білім беру бойынша мұғалімдердің білімін жетілдірудегі жоба алғаш рет іске асырылып жатыр. Бұл курстар Қазақстанның, Сингапурдың, Ұлыбританияның жетекші білім беру ұйымдарының базасында өтеді», – деді.

Көшет отырғызудың жаңа ережесі қабылданды

Мемлекет басшысының Алматыда жаңа рекреациялық аймақтарды құру және көгалдандыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында биыл қаңтар айында жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау жөнінде жаңа ережелер қабылданды. Бұл туралы қала әкімі Е.Досаев Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қатысуымен өткен кеңес барысында мәлімдеді. Оның айтуынша, жаңа көшеттерге қойылатын талаптар едәуір күшейтілді, жасыл желектерді күту және қорғау жөніндегі нормативтер артты әрі міндетті түрде суару жүйесінің болуы көзделген.

«Аумағы 97 га болатын 5 жаңа рекреациялық аймақ пен өзен жағалауларының құрылысы жалғасып отыр, олар 2024 жылдың 2 тоқсанының соңына дейін аяқталады деп жоспарланған. Қазіргі таңда ауданы 30 га болатын 2 жаңа тәлімбақтың құрылысына ЖСҚ әзірленуде. Суару жүйесін тарту үшін 29 ұңғыма және 5 су жинағыш салынды, 500 мыңнан астам жаңадан отырғызылған жасыл желектер тамшылатып суару жүйесімен қамтылды», – деді әкім.

Әрі жасыл қорды сақтау мақсатында Алматыда түрлі зиянкестерден 2,3 млн жасыл желекті биоөңдеу жүргізіліп отыр. Биыл 320 мың көшет және 2025 жылдың соңына дейін 1,2 млн көшет отырғызылады.

Су басатын аумақтар – басты назарда

Алматыда тұрақты су басатын аумақтардың мәселесі шешілуде. 2022 жылы Open Almaty әкімдігінің қоғамдық қабылдауына су басатын аумаққа қатысты 1 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Алматыны дамыту жөніндегі жиын барысында қала әкімі атап өткендей, су басудың негізгі себептері – бітелген арықтар, арық жүйесінің болмауы, жөндеу жұмыстарының аяқсыз қалуы болып отыр.

«2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматыда тексеру жүргізіліп, тұрақты су басатын 102 аумақ анықталды. Бүгінде ең маңызды 71 аумақ реттелді. Жыл соңына дейін қалған 31 аумақта жұмыс аяқталады. Қазір нөсер кәрізі бойынша 376 шақырым арық желілерін қайта жаңарту мен салу жұмысы жүргізілуде. Бұл жұмыс 2024 жылдың соңына дейін аяқталады», – деді қала әкімі. Шаһар басшысы арық жүйесін қалпына келтіру – су басу мен суарумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік беретін басты қажеттілік екенін атап айтты.

Алматының атмосфералық ауасы қорғалуы қажет

Алматыда техникалық байқау станцияларының жауапкершілігін күшейту ұсынылды. Ауа сапасы мәселесі Алматы үшін аса маңызды болып қала береді. Ел Президентінің қатысуымен өткен кеңесте қала әкімі Е.Досаев автокөлікті техникалық байқаудан өткізудің қазіргі тәртібі белгіленген экологиялық норманың бұзылуына әкеп соқтыратынын атап өтті. Сол себепті, әкім техникалық байқау станциялары қызметінің рұқсат беру тәртібін енгізу мен оның жауапкершілігін күшейтуді ұсынды.

Жалпы, автокөлік отынының сапасын бақылауды күшейту, автомобильдердің пайдаланылған газын автоматты тәртіппен бақылау жөнінде халықаралық тәжірибені енгізу, зиянды қалдықтарды азайту амалдарын қарастыру қажет. Сондай-ақ, маңызды кеңесте Алматы қаласының мәслихатына атмосфералық ауаны қорғау қағидасын бекіту жөніндегі құзырет беру ұсынылды. Үкіметтен Алматы қаласы әкімдігінің бастамаларын қолдау сұралды.

Кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізу жалғасуда

Алматы көшелерінде цифрлық қауіпсіздік жүйелері енгізілуде. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен мегаполисті дамыту жөніндегі кеңесте қалада қауіпсіз және жайлы өмір сүруді қамтамасыз ету үшін заманға сай цифрлық технология белсенді енгізіліп жатқанын жеткізді.

«Мемлекет басшысының бірыңғай бейнемониторинг жүйесін (БМЖ) енгізу жөніндегі тапсырмасын іске асыру нәтижесінде Алматы осындай жүйе іске қосылған елдегі алғашқы қала болды. Ол бейнедегі деректерді талдау мүмкіндігімен біріктіріледі. Сонымен қатар, 490 әлеуметтік нысанда (83%) талшықты-оптикалық кабель тарту жұмыстары аяқталды. Соның ішінде, 372 нысандағы бейнекамералар БМЖ-ға (63%) қосылған», – деп мәлім етті қала әкімі.

Бұған қоса, бүгінде қалалық полицияның Жедел басқару орталығы 18,8 мың бейнекамераны (97%) көріп отырады. Білім беру нысандарында кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізу аяқталғаннан кейін Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесі камераларды 100% қосады.

Алматы әкімі қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жыл соңына дейін қаланың 8 ауданында 35 «дабыл түймесі» жүйесі орнатылатынын мәлімдеді. 2025 жылдың соңына дейін тағы 70 «дабыл» түймесін орнату іске асады. Ал полицияның сервистік үлгісін жүзеге асыру аясында жыл соңына дейін қаланың барлық ауданында 8 орталық, 2024 жылы тағы 8 орталық іске қосылады. Жалпы, ағымдағы жылдың жеті айында қылмыстық құқықбұзушылық – 28,7%-ға, жол-көлік оқиғасы – 24,5%-ға төмендеген.

Айнабай МӘДИ,
журналист.

ИННОВАЦИЯ

«Ұлттық құрылтай – халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым. Мен былтыр наурыздағы Жолдауымда осы құрылтайды шақыру туралы бастама көтердім. Бұл қадам қоғамдық диалогты нығайта түсу үшін жасалды».
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.
(Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінен).

ӨҢДЕУШІ ӨНЕРКӘСІП – ЭКОНОМИКА ДРАЙВЕРІ

Қазақ елінде бірқатар жаңаша өзгерістер орын алып жатыр. Жаңа һәм әділ қоғамға қарай бет бұрдық. Оң істер мен біршама жаңаша идея қолға алынды. Соның ішінде әлеумет пен әлеуетті түзейтін тың бастамалар іске асып келеді.

Қазақстанда әлеуметтік мәселелерге көңіл бөліне бастады. Бұл – Әділетті Қазақстан орнай түскенін аңғартса керек. Осы орайда Ұлттық Ғылым академиясының академигі, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Мұрат ЖҰРЫНОВПЕН тілдескен едік.

– Сіз бір сөзіңізде Қазақстан өте бақуатты мемлекет деп едіңіз, ойыңызды тарқатып айтсаңыз...

– Шынында да, Қазақстан өте дәулетті мемлекет. Біздің табиғи ресурстарымыз жетерлік. Елімізде жылына 100 миллион тоннаға дейін мұнай өндіріледі. Бізде Менделеевтің химиялық кестесіндегі элементтердің барлығы бар. Барша металдың түрі кездеседі. Біз өте бай-бақуатты тұруға талпынуымыз қажет. Бір әңгіме айтып берейін.

Бірде Ұлттық Ғылым академиясының академиктерін жинап алып, осы қазба байлықтың есебін жасатқанбыз. Ол кезде экономист, академик Кенжеғали Сағадиевтің көзі тірі еді. Сонда бәріміз қосылып санағанда металл өңдейтін 5 зауыт және мұнай өңдейтін 3 зауыттан түсетін пайда ел қазынасына құйылса, бізден бай мемлекет болмайды екен. Мәселен, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өзі 18 миллиард қарыз көрінеді. Ол қазынамызды көбейту үшін құрылған мекеме еді. Оның да жағдайын реттеу қажет. Экомикаға қажетті қаржының негізгі көзін содан түсетін ету керек. Жаңа Әділетті Қазақстан дегеніміз жемқорлықсыз қоғам деп білеміз. Жаңаша модельде жұмыс істей білгеніміз абзал. Қайтсек те, Қазақ елінің қазынасын толтыру қажет.

Жаңадан мұнай өңдейтін 2 зауыт салмасақ болмайды

– Қазақстанға мұнай өңдейтін заманауи зауыт салу керек пе?

– Әрине! Бұрынғы 3 зауытты қайта жөндеп қажет емес. Оның орнына жаңадан мұнай өңдейтін зауыт салсақ, құба-құп болар еді. Сонда сыртқа жанар-жағармай экспорттаймыз. Кем дегенде 2 зауыт салайық. Шетелде мұнайдың қалдығына дейін өңдеп сатады. Америка Құрама Штаттарында 95% мұнайды өңдеп, кәдеге жаратады. Біздің ескі мұнай өңдейтін зауыттарымыз 60–65%-дан әрі аспайды. Сол себепті де, жаңа технология, жаңа зауыт керек. Міне пайда қайда жатыр?! Қалайда жаңа зауыттар бой көтеруі шарт. Бұл – уақыт талабы.

Біз шикізатқа тәуелділіктен айырыла алмай келеміз. Жердің астындағының бәрін экспорттап жатырмыз. Соның ішінде ең ойланатыны, ол – мұнай. Қазіргі таңда кеңестік кезеңнен қалған бұрынғы ескі 3 зауытқа 17 миллион тонна мұнайды бөліп өңдеген боламыз. Бұл ішкі нарықты да қамтамасыз етпейді, игілігі халыққа жетпейді. Егер де 25–30 миллион тонна мұнайды өңдейтін болсақ қана пайдаға кенелеміз. Қайтсек те, мұнай мен газды халықтың игілігіне беруіміз қажет. Германия, Ресей сынды елдерде мұнайды түк қалдырмай өңдейді. Біз де соған келуіміз қажет. Алда мұнайдың тағдыры не боларын кім білсін?! Сондықтан қазба байлықты дер уақытында пайдаланайық. Ертеңгі күні басқа бір балама ресурстар көзі табылса, өзекті болмай қалуы мүмкін.

Өңдеуші өнеркәсіп орындары қажет

– Өңдеуші өнеркәсіпті қолға алатын ғылыми жетістіктер бар ма?

– Біздің металлургиялық зауыттардың бәрі жеке адамдарға сатылып кетті. Олар әбден байыды. Осыны мемлекетке қайтаратын уақыт жетті. Соның бірі – Өскемендегі титан-магний комбинаты. Д.В.Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институтының ғалымдары бір ғылыми жаңалық ашқан-тұғын. Бағыты – титанды өңдеу жайлы. Бұл ғылыми жетістікті Қытай Халық Республикасының атқамінерлері оқып, елшілік арқылы ұсыныс жасады. Яғни осы технологияны бизнеске енгізуді сұрап, қызығушылық танытты. Сонда Сиань деген қаланың маңында шағын қалашықта лекция оқыдым. Сол жерде дүниедегі ең үлкен титан зауыттары орналасқан. Ашқан жаңалығымызды көрсеттім. Дәп сол сәтте олар маған 3 миллион долларға келісім-шарт жасайық деді. Бірақ арада пандемия кедергі болды. Алда оны жүзеге асыратын болар. Өзіміздің Өскемендегі зауыттың басшылығына сол жұмысты ұсындым. Қытайлықтардың қызығып отырғанын да айттым. Бірақ өзіміздікілерде ешқандай қызығушылық жоқ. Титан гупка деген бар, соны АҚШ, Ресейге сатады. Оған одан басқа ешнәрсе керегі болмай тұр. Басын қатырғысы келмейді. Үлгілі зауытқа айналдырып, бас ауыртуды қаламайды. Осыған біраз қарнымыз ашты.

Негізі титан-магний зауыттарын мемлекетке қайтарайық. Мемлекеттің меншігінде болса, оның алдына үлкен тапсырмалар қояды. Жауапкершілік жүктейді. Міндет артылған соң орындалар еді. Осындай жекеге өткен зауыттармен қайтіп оңамыз?! Балқаштағы алпауыт металл зауытын мемлекеттің иелігіне берейік. Ол сондай-ақ, металл ғана өндірмейді, алтын да береді. Жалпы, алтын шығаратын зауыттарды мемлекетке өткізейік. Жекенің қолындағы алпауыт зауыттардан бюджетке мол салық та түспейді. Қазақ жерінде орналасқан өндіріс орындары Қазақстанға жұмыс істесін. Ешкімнің әкесінен мұраға қалған зауыты емес. Бәрі халықтың пайдасына жараса дейміз.

Осы аталған ойларды жүзеге асырып, ел қазынасын еселесек, қаржыны қайда жіберетінімізді білмей қаламыз.

Жемқорлық барлығына кедергі келтіреді

– Біздегі әлеуметтік тауарлардың бағасы неге сонша қымбат?

– Бұл көптен толғандырып жүрген мәселе. Ең бірінші кезекте күнделікті тұтынатын азық-түлік арзандауы қажет. Нанның қымбат болуы өте ұят іс. Осыны қымбаттатқандар жауапқа тартылса екен. Біз дүние жүзіне ұн сатудан бірінші орында тұрмыз. Осыдан кейін неге нан бағасы шарықтауы керек?! Қайта арзандай түсу қажет. Осынша жерге бидай, күріш егіп отырып, осындай олқылық болмасын. Бұның баршасы ұрлықтың көрінісі.

Біз дәнді-дақылдарды өңдейік. Кішкене болсын зауыт аша бастайық. Шағын және орта бизнеске мүмкіншілік берейік. Қайта қайта тексеріп, бизнесті тұралатпайық. Көптеген тексеріс бола берген соң кәсіпкер бизнеспен шұғылдануды тоқтатады. Осының бәріне жеңұшынан жалғасқан парақорлық кінәлі. Бұл әр салаға дендеп кіргенде, кәсіпкерлік демікпеге ұшырайды. Сосын дұрыс жұмыс істетпейді. Осы ретте Парламент таза, адал бизнеспен шұғылданатын жандарды қорғайтын заң қабылдаса дейміз. Жөнсіз кәсіпкерге тиіскендер жауапқа тартылатын болса, өркендейміз. Мына жанымызда тұрған Ташкентте қазақ кәсіпкерлері жұмыс орындарын ашып жүр. Оларда кәсіпкердің құқығы қатты қорғалған. Осының барлығын ойлай келе, жемқорлықтың түбіне балта шабатын кез жетті деп ойлаймыз.

Жас ғалымдарға жағдай жасайық

Шетелде ғалымдардың жағдайы жасалған. 10 мың доллардан артық жалақы алады. Дамыған державаларда ғалымның ашқан жаңалығын үкімет қарайды. Соған сай іс қылады. Өндіріске ғылыми жаңалықты енгізеді. Шетелде сізден ағылшын тілін біл деген талаптан гөрі, ғылыми негізіңе мән береді. Біздегідей ғылыми грантты әзер бермейді. Бізде осы ғылыми жоба бекітудің өзі бір азап. Оны ННС қарайды. Неше түрлі экспорттан өтеді. Зорға деп ұтасың, сосын бітпейтін тексеріс, есеп келе береді. Небәрі 2,5-3 жылдың ішінде ғылым жаса дейді. Кеңестік кезеңде ғылыми жобалар 5 жылға бекітілетін. Ашылған жаңалық сол кездің өзінде өндірісте қолданылатын. Ал қазір кімнің не жазып жатқандығына ешкім қызықпайды.

Ағылшынша, орысша есеп сұратуды тоқтатайық. Одан да мемлекеттік тілде іс-қағаз жүргізу қажет. Дымға қажетсіз Scopus шетелдік журналына мақала шығар деп міндеттемейік. Қазір оның процентилі 35-тен асты. Жыл сайын процентиль көбейіп барады. Scopus немес Web of scince шетелдік журналда қазақ ғалымының 2 мақаласы болмаса, гранттық жобаға үміткер бола алмайды. Бұл не деген сұмдық! Мүйізі қарағайдай академиктердің монографиясы, том-том еңбегі сонда қайда қалды? Сондықтан шетелдік журналға мақала бер деп талап қою ақымақтық. Ол жағын ғалымның өз еркіне беру керек.

Бұрынғы кандидаттық, докторлық жүйе болон системасымен қатар қолданылса екен. Жас ғалымдардың әлеуметтік жағдайын тездетіп шешіп, айлығын көбейтейік. Әйтпесе, шетелдің 4-5 мың доллар төлейтін жалақысына қазақтың білікті һәм білімді жастары кетіп қалады. Магистр дәрежесі үшін ғылымда, университетте жүрген жастардың айлығына 30% үстемақы қосайық. PhD докторлар айлығын 2 есе көбейтейік. Сонда ғана оң нәтиже болады.

Қазақшаны қажеттілікке айналдырайық

– Ұлттық мемлекетке қарай қашан бет бұрамыз?

– Орталық Азиядағы бауырлас елдердің баршасы әлдеқашан бұл идеямен айналысып қойған. Соның ішінде Өзбекстанды алайық. Олар тәуелсіздікке шыққан бірінші күннен бастап осы мәселемен шұғылданды. Оны мен Түркістандағы Ахмет Ясауи университетінде ректор болып тұрғанда сездім. 1991 жылдан кейін жағдай қиын болды. Ғалымдар жоқ еді. Кадр жетіспейтін. Шымкенттің педагогикалық университетін қосып берді. Сонда Ташкентте бірден өзбек тіліне көшіп кетті. Орыс тілі ілуде біреулер үшін керек болып қалды. 10/1 топ қана орысша, қалғаны өзбекше оқыды. Кеңестік кезеңде орысша лекция оқитын көбіне ол жақта қазақтар еді. Сонымен, қазақтар жұмыстан босап қалды. Жүктеме қысқарған соң, оларды да қысқартады ғой. Соны мен пайдаланып, оқытушы-профессорларды елге алып келдім. Жұмыс, пәтермен қамтамасыз еттік.

Жақында Қытайда үлкен конференцияға қатынастым. Өзбекстаннан Юлдашев деген ғалым келді. Екеуміз Мәскеуде бірге оқыған-быз. Ол физик. Сол кезден білемін. Қасындағы көмекшісі әңгіме үстіне келіп қосылды. Мен әлгі жас жігіт орысша білетін шығар деп сөйлеп едім. Ол «кешіріңіз, мен орысша білмеймін, мен өз ана тілім өзбекше және ағылшынша сөйлеймін» деді. Сүйсініп қалдық. Міне, олар қандай дәрежеге көтерілгенін бағамдай беріңіз. Ал бізде өз ана тілін білмейтіндер толып жүр. Парадокс! Айтуға да ыңғайсыз. Мемлекеттік тілде іс-қағазды талап етіп, жиынның бәрін түгел қазақшаласа-қана ұлттық мемлекетке айналамыз.

Ауылды сақтасақ – ұлтты сақтаймыз

– Ауылдың жағдайы не болмақ?

– Ауыл – түп негізіміз. Ол – қарашаңырағымыз. Ауылды сақтасақ – қазақты сақтаймыз. Бір кездері ауылдан қалаға жаппай көшті. Мұны урбанизацияға баладық. Шын мәнінде бұл – ішкі миграция. Содан бері жұрттың бәрі үдере қалаға көшуін әлі тоқтатпады. Ауылдық жерде түк болмағаннан кейін жұрт қалаға ағылып жатыр. 1932-1933 жылдары дәл осылай болған. Ашаршылықтан жүдеген халық қалаға көшкен-тұғын. Сөйтіп, шаһарларда жан сақтаған. Аяғы жетпегендер аштықтан көшеде, сай-сайда жан тапсырды. Урбанизация қызыл империя тұсында жүрді. Қалаға зауыт-фабрикалар салды. Оған ауылдықтарды көшірді. Үй мен жұмыс беріп, жағдайын жасады. Міне-ки, бұл урбанизация еді. Ал қазір кім оларға үй салып беріп отыр. Ондай жағдай жоқ. Бұның айырмашылығы аспан мен жердей.

Мен кеңес өкіметін аса жақсы көрмеймін. Қылышынан қан тамған қызыл империя ұлттық мемлекетті жоюға тырысты. Тіл, діл, мәдениетті ұмыттыруға асықты. Мақсаты – орыстандыру еді. Сондықтан да коммунизм дегені өтірік. Ол еш уақытта болмайды. Бұл – утопия. Бірақ қарапайым халықты, шопанды қолдаған болды. Олардың балаларын интернатта оқытты. Оқуға конкурссыз қабылдайтын болды. Әлгі бала ержетіп үйінен сыртқа кетсе, күн көріп кете алатын жағдай жасалды. Қазір ондай жағдайдың біреуі де қарастырылмаған. Бүгінде бір күн жұмыс істемесеңіз, аш қаласыз. Біз де сол кезде тудық. Әкем теміржолшы, анам үй шаруасында еді. Өзім ЖОО-ға түстім. Жоғары шәкіртақы алдым. Мәскеуде ғылыми дәрежені иелендік. Ол уақытта стипендия жоғары-тұғын. Шәкіртақымыз тұрмыс қажетін өтеп тұрды. Сонда жүріп жеңгеңмен табыстық. Балалы болдық. Дәп осындай жолмен өрледік. Елге белгілі азамат атандық. Осының бәріне мүмкіншілік бар болатын. Осылай дала мен қала жастарын қолдасақ, орнымызды басатын, нағыз отаншыл рухтағы тұлға пайда болады. Сонда ғана жоғарыда аталған игі ойларымызға жетеміз. Әділ қоғам орнайды, ұлттық мемлекет қалыптасады.

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

Алматыны 1960–1973 жылдары бір мүшелге жуық уақыт Есен Дүйсенов басқарды. Бұл кезең ел есінде «Алматының алтын дәуірі» болып қалды. Өйткені, қаншама кедергілерге, тосқауылдарға қарамастан оның басшылығымен, тікелей нұсқауымен атқарылған істер оған деген қала халқының шексіз ризашылығын тудырып жататын. Енді соның бірсыпырасын баяндайық.

МӘСКЕУДІ ТЫҢДАМАҒАН БАСШЫ

мінезбен басқарады

Бұл кісінің мамандығы теміржолшы еді. 1955 жылы Алматы теміржол бөлімшесіне бастық болып келді. Дейтұрғанмен де, оны еліміздің теміржол саласындағы түйткілді мәселелер көп толғандыратын. Соның бірі – өзіміздегі теміржолдардың басым бөлігінің көрші республикаларға бағынышты болуы еді. Міне, ол жатпай-тұрмай осы тығырықтан шығудың жолын қарастырып, өзінің нақты ұсыныстарын алға тартты. Әрине, мұның бәрі Мәскеудің келісімінсіз атқарылмайтыны белгілі. Ол үшін алдымен басқа республика басшыларымен келісімге келу жағын ойластырды. Қысқасы, Алматы қаласынан бір орталықтан басқарылатын Қазақ теміржолын құру туралы идеяны ашық қояды да, бұл ойын дерек, дәйегімен дәлелдейді. Ақырында бұл мәселе жөнінде комиссия құрылып, Есен Дүйсенов те оның бір мүшесі болып қосылады. Тоқетерін айтқанда, 1958 жылы маусым айында КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қазақ темір жолы құрылады. Өзі басқарма басшысының бірінші орынбасары қызметіне қоса кіріседі. Сөйтіп, Алматы Қазақ теміржолының ордасына айналып шыға келеді.

Бір нәрсе анық. Кісі баласы Тәңірдің маңдайына жазған тағдырымен өмір сүреді. Одан ешкім де қашып құтыла алмайды. Бұл кісінің де өмірінің басым бөлігі арпалыспен өткенін Созақтың көнекөздерінің әңгімесінен де аңғаруға болады. Тектіден текті туады ғой. Есен Дүйсеновтің де шыққан тегі елге танымал адамдар болған екен. Кеңес өкіметі тұсында болған әйгілі Созақ көтерілісі де бұл әулетке қырғидай тиді, жазықсыз атылып, итжекке айдалды. Міне, осындай сұрапыл тағдыр кешіп, шарболаттай қайралып өскен оның ел тағдырының шешуші сәттері сынға түскенде тарихқа кеткен есені қайтару, ұлт мүддесіне қызмет етуді қатар ойлауы да, батыл қадамдарға баруы да түсінікті еді. Сондай кезде мұның Алматыны басқаруы да Тәңірдің сыйы еді демеске әддің жоқ. Бұл басшылыққа жаппай өзге ұлт өкілдерін қойып, орыстандыру саясатының да кең құлаш жайған кезі еді. Өмір көрген, тәжірибесі мол басшы бұл тығырықтан да ешкімді алаламай, бөтенсінбей ақылы мен қажыр-қайратын серік етіп, шыға білді. Есен ағамен бірге қызметтес болып, тәлімін алған, КСРО-ның құрметті энергетигі Кежек Ысқақовтың мына бір сұхбаты да осы ойымызды шынайы дерек, дәйегімен нақтылай түседі.

– Есен аға көп басшыларға тән қатып қалған стандарттарға сыймайтын адам еді, – дейді ол. – Оған мәймөңкелеу, жалпақтау жат еді. Бір-екі сағатқа созылатын жиындарды әрі кетсе жарты сағатқа сыйғызатын. Абай даңғылы, бұрынғы Арық көшесі Есағаңның басшылығымен одан әрі кеңейтіліп салынған еді. Бірде осы көшенің астымен жылу жүйелерін өткізбек жайы сөз болды. Сонда өзінің жобаларына сенімді болып келгендерді Есағаң бірауыз сөзімен тоқтатып, қайта жасатты. Осы күнге дейін Абай даңғылының үстінде, не астында бір құбыр, желі жоқ. Бұл кісі сол кездің өзінде ұлтшыл болды. Бұл мінезін реті келгенде ашық білдіріп жүретін. Олсыз іс бітпейтін. Ол кезде он шақырымға созылған Сейфуллин даңғылын да өзі бас болып салды. Бұл көшені салу кезіндегі бір қиындық туғызған жағдай – Ташкент даңғылынан төмен көпірлер салыну керек болды. Одан соң теміржолды бұрып, ТЭЦ-ке күн-түн тоқтаусыз көмір тасылуы керек. Жердің астында кабельдер бар. Сол күні Есағаң аяғына етік киіп, жұмыс учаскесіне келді. Көше жұмысын тоқтатпау үшін басшылармен жиын өткізді. ТЭЦ-тің басшысы И.Вайлерманға үш күн ТЭЦ-ке көмір тасымалдамауға пәрмен берді. Ол кісі болса «ТЭЦ-ке отын жеткізетін темір жол жұмысын тоқтату үшін Мәскеудің рұқсаты керек. Бұл айтқаныңыз болмас» дегенде, сонда қайран қайсар Есағаң: «Болады. Болғанда қандай! Есен Дүйсенович деген қаланың басшысы бар (кеудесін саусағымен түртіп)! Мәскеуде, басқа жерде отырғандардың бұл істе шаруасы болмасын, тапсырманы орында» деп кесіп айтты.

Қайтесіз, сүйекке сіңген мінез. Ол осы мінезбен басқарды. Мінез демекші, осы Сейфуллин даңғылына ұлы ақын атын беру жөніндегі сұрапыл жиын ел аузында әлі күнге айтылады. Қысқартып айтқанда былай:

Қала басшысының кабинетіне жиналғандар түрлі атау ұсынады. Бәрі де орыстың, өзге ұлттың танымал адамдарының, революционерлердің есімін ұсынып жатыр. Бір қазақтың аты аталмайды. Содан қалабасы: «Егер шаһарға Сәкен Сейфуллиннің есімін берсек, қалай болар еді?» дейді. Сонда қалалық мәдениет бөлімінің басшысы, орыс келіншек: «Сейфуллин деген кім? Бұл өте үлкен көше. Оған Совет өкіметін орнатқан революционердің атын беру керек» деп іле Киров, Фрунзе, Фурманов, тағы басқалардың есімдерін атай жөнеледі.

Сол сәтте Есағаң сүйекке біткен сабырмен: «Қазақтың дауылпаз ақыны, сталиндік репрессияның құрбаны, дарынды революционер Сәкен Сейфуллинді білмейтін адамның мәдениетті басқаруға қақысы жоқ. Бүгіннен бастап боссыз» дейді ғой. Содан соң жайбарақат қана жұртқа қарап: «Тағы қандай ұсыныс бар?» дегенде, бәрі ақын атын қолдап қол көтереді.

Тағы да сол мінез. Бірден Кежек ағаның мына бір әңгімесіне қарадай көңілім босаған еді.

– Бірде Есағаңа жұмыс бабымен кіріп едім: «Мен сені ол орынға не үшін қойдым? Алдыңа барған бірде- бір қазақ тіркелмей кетпейтін болсын» деп, қалалық паспорт бөлімінің басшысына қатқылдау сөйлеп жатыр екен, – деп еді.

Қайран, ұлт деп соққан жүрек!

Қ.ҚОШҚАРҰЛЫ.

ТҰЛҒАТАНУ

САРДАРДЫҢ САН АЛУАН САПАРЫ

1867 жылдың маусымында қазақ даласына саяхат жасаған орыс қылқаламының шебері, әлемге әйгілі суретші Верещягин Орынбор генерал-губернаторы Крежановскийдің кеңесімен Ырғызда бір жеті аялдады. Ырғыз әскери бекінісінің коменданты, полковник Михаилов суретшіні Ырғыз өңірін жайлайтын Алмат Тобабергенұлының ауылына алып барған. Верещягин өзінің күнделігінде Шығыста оқып үйренудің еркін, жайбарақат та шебер болғандығын жазады. Суретшінің «Париж мансардын киіз үйге, француз сусынын қымызға алмастырдым» деп тамсана жазатыны осы кезден басталған еді.

Патшалы Ресейдің жергілікті қолшоқпарлары пайғамбар жасына келген Алмат Тобабергенұлының ауылын бекер таңдаған жоқ. Үш жүзге аты мәлім Алмат сардар патша үкіметі үшін де ерекше сыйлы азамат болатын. Бұл кезде Алмат сардар №31 дистанцияның бастығы болып қызмет атқарып жүрді.

– 1830 жылдан бастап жымысқы отаршылдық саясаты жүзеге аса бастаған болатын. Сол уақыттарда Ырғызға да бекет салынды. Осы бекет бойынша халықты ұстап тұру және оны қорғау мақсаттары бойынша жауапты Алмат Тобабергенұлы болды. Өз халқының арасына басқа ұлттарды кіргізбеу мақсатын берік ұстана білген Алмат сардар аз іс тындырған жоқ. Мысалы, 1861 жылғы реформадан кейін отаршылдық дендей түскенімен, сырттан келетін келімсектер Ырғызға табан тірей алмады. Мұның өзі Алмат сардардың еңбегінің жемісі еді, – дейді, Алмат Тобабергенұлының ұрпағы Ораз Сарбасов.

1844 жылдың басында Ресей патшасы Николай-1-нің қазақ даласына бекіністер салу туралы жарлығы қабылданған. Онда Ырғыз бен Торғай өзендерінің бойынан екі бекініс салып, оны күшейту қажеттігі айтылды. Отарлау саясатын одан әрі жүргізуді көздеген патша үкіметі екі бағытта жұмыс істеді. Біріншісі, аяғы жетіп, бекініс салған аймақтардағы халық наразылығын басып-жаншып отыру болса, екіншісі ары қарай жылжып Орта Азия елдеріне қол созу еді. Міне, осы Орта Азия хандықтарының ішкі хал-жайын білу, олардан түрлі ақпарат алу жұмыстарына белсене араласқаны үшін Алмат сардар патшалы Ресей тарапынан марапатталып, үш рет медаль алған.

Алмат сардардың басты мақсаты елінің тыныштығын сақтап, ынтымақ-бірлігін нығайту болған. Бұл орайда ол өнер-білімі дамыған алпауыт Ресеймен тіл табыса жұмыс істеуден басқа қайран жоқ екенін білді. Уақыт тынысын терең түсінді. Таяу жерде тұрған ұлы күшке қарсы тұруды халықты құрбандыққа шалу деп білген.

– Сол кезеңде өскен-өнген ұрпақ болған соң, орыстың саясатын терең түсініп, Алмат сардар жалаң қылыш, найзамен олардың әскеріне төтеп бере алмайтынын, тек қана әдіс-айламен халықты аман алып қалуға болатынын білген. Хорунжий болған, ел арасында «жарты патша» атанған ол өзінің патша үкіметінен алған шеншекпенін пайдалана отырып, өзіне қарасты аймақтағы ел мен жерді қорғауға күш салды. Өзінің қызметін, беделін арқа тұтып, сол аймақтағы жұртты отырықшылдыққа айналдырған. 1841 жылы Алмат Тобабергенұлы губернаторға өзінің мөрін басып тұрып жазған хатында «Ырғыз өзенінің тартылып, судың болмауына байланысты арық қазып, су жүргізу қажеттігін» айтқан, – дейді зерттеуші-журналист Тынышбек Дайрабай.

Патшалы Ресей үкіметі Алмат сардарды тыңшылық мақсатта көп пайдаланды. Мұндай астыртын шаруа Алматтың ғана қолынан келетінін Орынбор шекара комиссиясына аға сұлтан Дөсет Нұралыұлы айтқан еді. Шекара комиссиясының төрағасы Генс Алматты Орынборға арнайы шақырып, сынақтан өткізеді. Сөйтіп, 1834 жылдан 1846 жылға дейінгі аралықта орыс елшілігі Алматты құпия тапсырмалармен Қоқан, Бұқар, Хиуа хандықтарына қайта-қайта жіберіп отырған. Оның 1845 жылы 10 қарашада басталған сапары ең қауіпті сапар болатын. Бұл жолы Бұқардағы 60 орыс тұтқынын босату мақсаты көзделген еді. Он бір жылдың ішінде Бұқарда сегіз рет болуы Алмат Тобабергенұлына ауыр тиген. Ондағы көп адамдардың таныс болып қалуы аса қауіпті еді.

Алмат заманы түлкі болған соң, тазы болып шалуға талпынған. Ол орыс үкіметіне адал қызмет ете жүріп, өз елі, өз жерінің қам-қарекетін естен шығармады. Тіпті, сол кезеңде тұтас қазақ халқының мұңмүддесін ойлап азаттық үшін арпалысқан Кенесарының өзімен қарым-қатынас жасап, астыртын жұмыс жүргізіп отырған.

– «Жұлдыз» журналында шыққан белгілі әдебиетші, зерттеуші Қуаныш Ахметовтың «Тарлан тұлпар іздері» деген мақаласында Омбы мұрағатынан табылған деректер бойынша Алмат Тобабергенұлы 1845 жылы Кенесарының бәйбішесі Күнімжанды орыстар офицерлерінің қолынан келісіп босатып, өзіне апарып тапсырғанын айтады. Бұл Алмат сардардың Кенесарымен үнемі байланыста болғанын айғақтайтын нәрсе, – дейді зерттеуші Тынышбек Дайрабай.

Қазақтың жауы ол кезде де аз емес еді. Он сегізінші ғасырдың аяғы мен он тоғызыншы ғасырдың басында Орта Азия хандықтары Кіші жүз беткейіне, Сырдың терістігіне, Қаратау, Жетісу бойларына жиі шапқыншылық жасап, зәбір-жапа шектіріп отырған. Малын айдап кетіп базарда сатқан, қызкеліншектерін зорлап күндікке салған. Ұзақ жылдар бойы орын алып келген мұндай қиянат қазақты орысқа біртабан жақындата түскен еді. Ел-жұрттың алғашында орыстан ат-тонын ала қашпағаны да сондықтан болатын. 60 орысты құлдықтан құтқарған Алмат сардар Анна лентасына тағылған медальмен марапатталып, болат қылышты сыйға алады.

– Бұқар хандығына бірнеше рет барған, бірде падашы, бірде диуана, бірде молда болып жүріп, орыстың Карнет Аитов бастаған алпыс адамын құтқарудың жолдарын іздеген. Бұқар базарында жүріп, барлап-бақылап, ақыры оларды құтқарып алады. Бұл туралы 1834 жылы жазылған Биткевичтің, 1836 жылы жазылған Демизонның еңбектерінде бар. «Бұқар хандығының тарихы» деген кітаптан осыларды көруге болады, – дейді Тынышбек Дайрабай өз сөзін айғақтай түсіп.

Біреуге жамандық жасасаңыз да, жақсылық жасасыңыз да алдыңыздан шығады. Алмат Тобабергенұлының ел-жұртқа жасаған жақсылығы үнемі алдынан шығып тұрған. Тіпті, оның баласы Самұрат 1905 жылы Омбыға құрылтайға барғанда, Василий атты орыс азаматы келіп сәлем беріп, үлкен ризашылығын білдіреді. Бұл баяғы Алмат Тобабергенұлы құлдықтан құтқарған Иван Бочаровтың немересі еді.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.

КЕРЕК КЕҢЕС

ӘР КҮНДЕ БАҚЫТ БАР

Қазір қарбалас уақыт. Бәрі асығыс. Сағат судай сырғып өтіп жатқандай. Адамдардың бір-біріне қарауға, бір сәт шүйіркелесуіне тағат жетпейтін сияқты. Тұрмыс қажетін өтеймін деген бір жан, әйтеуір! Бүгінде ипотека, кредит, күнкөріс қысқан заман. Осының бәрі жүйкеге ауырлық түсіретіні анық.

Адам жаны серпілуді, сергуді сүйеді. Күйзеліс ғаламшардағы алғашқы адамдармен бірге жаралған сияқты. Шындығында, эндокринолог Ханс Селье организмнің сыртқы факторларға деген реакциясын 70 жыл бұрын, яғни 1950 жылы анықтап, сипаттаған.

Қазіргі кезде күйзеліс жиі кездеседі. Кез келген жерден пайда болатын проблемалар, дағдарыстар, экономикалық тұрақсыздық, вирустар жүйке жүйесін қатты сілкіндіреді және мұндай жағдайды бәрі бірдей көтере алмайды. Әртүрлі күйзелістерден аулақ болу үшін эмоционалды тұрақтылық пен өмірге деген позитивті көзқарас қалыптастырған жөн. Сонымен қатар, қысқа уақыт ішінде стрестік жағдайдан шығудың сенімді тәсілдерін дамыту да маңызды.

Егер сіз жиі қажығаныңызды, шаршағаныңызды, күйзеліске ұшырағаныңызды және жақындарыңызға ашуланғаныңызды сезсеңіз, онда мына кеңестерге құлақ түріңіз.

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТІҢІЗ

Ел арасында «Спорт – денсаулық кепілі» деген нақыл сөз бар. Неғұрлым сергек жүру үшін күнделікті уақыттың бір бөлігін дене қимылына бөлген жөн. Бұл қарапайым әрі жүзеге асыруға болатын қағида. Өйткені, жаттығу жасап, жүгіріп, секіріп қимылдау дене бітімді қалыпқа түсіреді. Сымбатты дене пішінді қалыптастырады.

Жаттығу – бұлшық етті күшейту және иммундық жүйені нығайту мүмкіндігі ғана емес, динамикалық спорттық жаттығулар барлық уақытта жағымсыз эмоциялармен күресудің ең жақсы әдісі болып саналды. Жаттығу кезінде организм эндорфиндерді (бақыт гормондары) бөліп шығарады. Сонымен бірге, дене оттегімен қаныға түссе, ми тынығып, көңіл күй тез жақсарады. Содан кейін біртіндеп агрессия, үмітсіздік және жүйке соққысы, шаршау жан тыныштығымен және өзіне деген сенімділікпен ауыстырылады. Қарқынды жүгіру энергияға жағады. Сондай-ақ, фитнес жаттығулары, бассейнде босаңсыған жүзу пайдалырақ.

АРТ-ТЕРАПИЯ ҚАЖЕТ

Барша жанның жүйкесі бір сәт күйбең тіршіліктен қол үзгенді қалайды. Жұмысты, үй-жайды ойламай, ой еркіндігін армандайды. Ол үшін алысқа барып қажеті жоқ. Оданша көзге елене бермейтін дүниелермен айналысу керек.

Жантану ілімі адамзаттың ішкі сырына терең үңілген. Дәлірек тоқталайық. Дүниеде екі қасиет бойында бар жан алға өрлейді екен. Біріншісі – бірнәрсеге ой жүгіртіп, ұшқыр қиялдай білу. Екіншісі – қолындағы қағаз-қаламын игеріп, кескіндеме, суретті салып, былайша айтқанда шимақтай алу қажет екен. Міне, осындай қарапайым екі әдісті қолдана алғандар қабілеттілер қатарында саналатын көрінеді. Шындығында, мұның растығына жетістікке жеткен адамдардың өмірбаянын оқып, біліп көз жеткізудеміз.

Арт-терапия – бұл бүкіл дененің күйіне әсіресе, жүйке жүйесіне жағымды әсер ететін көңілді және өте пайдалы іс-әрекет болып табылады.

Мұндай әдістер көбіне кішкене балаға тән сияқты. Ал назар салып қарасаңыз сәл басқашалау. Ол қалай? Сіздің жан-дүниеңіз қылқаламды қолға алғанда, оны майлы бояумен бояғанда рахаттанары сөзсіз. Әсіресе, сурет әлеміне қызығатындар жете түсінеді. Бір сәт күйбең тіршіліктен қол үзіліп, шығармашылықпен айналысу кім-кімге де пайдалы екені айқын. Ең негізгісі, уақыт тауып, оны осындай тиімділікке жұмсау абзалырақ болмақ.

СПИННЕРДІҢ ПАЙДАСЫ МОЛ

Қарапайым заттар қарапайым жолмен жүйкені тыныштандырады. Дәп бүгінгі шақта керекті зат болып тұр. Бір қарағанда, баланың қолынан түспейтін осынау ойыншық, ойдың серпілуіне септеседі. Бойыңыздағы артық стрестен арылуға көмегін береді. Мұны шетелдік ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген.

Еуропалықтар үшін спиннер сенімді құрал. Ол бұған ой тазалағыш деген атау берген. Сөйтіп, қолдары қалт еткенде осыны пайдаланады. Бұның айрықша әдістері мен қағидалары жоқ. Бар болғаны қолыңызда, саусақтарыңызбен түртіп қалсаңыз, зыр айнала жөнеледі. Мұны көбінесе басшы адамдар пайдаланады. Егер сізде бұл құрылғы үйде жатқан болса, оны тез арада қайта қолға алыңыз. Жүке жүйесінің даму заңдылықтарын бір арнаға түсіру үшін пайдалана бастаңыз.

Бірнеше жыл бұрын британдық инженер Кэтрин Хэттингер спиннер – зеріккен жасөспірімдердің ойыншығы болып қалмас үшін жаңаша дүние ойлап шығарады. Ол ересектерді сергек ететін ойыншық болды. Ақылды орнатылған подшипниктерден тұратын қарапайым аксессуар стресті тиімді түрде тарқатып қана қоймайды, жинақталған нашар аураны азайтып, жағымсыз ойлардан алшақтатады. Иірілген жіптің өлшенген иірім-шоғыры жүйкені тыныштандырады. Сыртқы агрессияға төзімді рухани тосқауылды дамытады. Оның үстіне, әсерлі тәсілдер ойлап тапсаңыз, спиннер ойыны қызықты шоуға айнала алады. Қарап зер салсаңыз, қарабайыр заттың өзінің адамзатқа берер пайдасы мол екен.

P.S. Пайдалы кеңестер әрдайым адамға сергек көңіл күй сыйлайды. Қарбалас ғалам адамның мүмкіндіктерін шектей алмайды. Болашақта адам баласы сандық форматты дамыта түседі. Бұл әр салаға қатысты айтылған пайым-түсінік. Сол сәтте ойды бір сәт серпілтудің жолдарын іздейді. Қым-қуыт тіршілікте бәріміз тірлікке жегілу үшін емес, қайта жадырап жайнап, көңілімізді серпілтіп, рахаттанып ғұмыр кешкеніміз жөн деп білеміз.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анар СЕРҒИЕВА, психолог:

Жүйкені сақтай біліңіз!

Бізге көптеген жандар келеді. Бұрын депрессияға түскен нәзік жандылар көп болушы еді. Олардың негізгі мәселесі отбасы-ошақ қасы болатын. Біз де сол бағытта жұмыс жасап үйреніп қалған болатынбыз. Соған сай аталған мәселелерден шығу жолын қарастыратынбыз. Бүгінде жағдай өзгерді. Заман басқа, заң басқа. Ерлер қауымы психологтарға жүгінетін болды. Демек, жүріп-тұру, өмір сүру қиындады деген сөз. Көбіне ер кісілер жанұясындағы берекесіздікті жасырмай айтады. Бұрын олар айтуға қымсынған болар. Қазір мүлде олай емес.

Бір байқағаным, ер-азаматтар тек отбасына қаржы кіргізуді көздейді. Соның жолында күндіз-түні жұмыс істейді. Бірақ жанұясына онша көңіл бөлмей кететін жағдайлар ұшырасады. Әйел, бала-шағаға уақыт табылмаса, онда олар қашықтай түседі. Сондықтан осы жағын да ойлаған дұрыс.

Қыз-келіншектердің айтатын негізгі тақырыбы түсінікті. Кейбірі күйеуі суып кетті десе, кей қыздар жігітіне көңілі толмайды. Шетел көріп, қымбат көлік мініп, ғаламды аралап жүрген әйелдер де бар. Бірақ өмірлік жары жоқ. Болса да, баяғыда ат құйрығын кескен. Мына заманда табыс тапқан жақсы. Алайда, мансап қуалап жастары 35–40-тан асқанын көбісі білмей қалады. Ол кезде үйленіп, тұрмысқа тез шыға қалу қиын. Ең бастысы, дер кезінде өмірге ұрпақ әкелу керек. Сол себепті, өмірде әрнәрсенің өз орны бар деп ойлаймыз. Отбасына да қамқор болып, қолға алған істі де дөңгелетуге болады.

Жігер АСҚАР, қала тұрғыны:

Бәрі – өз қолыңызда

Барлық нәрсені заманға жауып, өзіміз сүттен ақ, судан таза бола беруге болмайды. Қазір мүмкіншілік дәуірі. Не істеймін десеңіз де, өзіңіз білесіз. Біреу келіп сізге бұйрық беретін заман емес. Қолыңнан келе ме, қонышыңнан бас. Әрине, қисық жолмен жүр демейміз.

Өзіміз ауылда өстік. Сыр елінің Телікөл деген елдімекені. Ол жақта тұрмыс қиындау болды. Тек әкеміз мектепте шаруашылық жағында істейтін. Анамыз үйде бізге қарады. Алматыда университетке оқуға түстік. Әскерге аттандық. 22 жасымызда шаңырақ көтердік. Ешкімнен кем қалмадық. Сөйтіп, Қапшағайдағы әскери бөлімде қызмет еттік. Біртіндеп үй алдық. Оны саттық, Алматыға келдім. Бүгінде жасым 30-дан асты. Осылайша біреуден ілгері, біреуден кеш өмір сүріп жатырмыз. Бұйырса, бесінші перзентімізді күтіп жүрміз. Шүкір бәріне. Өз арбамызды өзіміз сүйреп келеміз. Өзім шығармашықпен де шұғылданамын.

Бір кездері 600–700 мың теңге айлықпен жұмыс істедік. Бір таныстар әскери жұмысты қойып, Оңтүстік Кореяға жұмысқа тартты. Әйтеуір оған да бара қоймадық. Өткенде сол жігітті көрдім. Осы қаладан 2 үй алып және сауда дүкенін ашыпты. Біз де кембағал емеспіз. 3 жер телімі, үй-жай, астымызда көлігіміз бар. Ең бастысы, анам қасымда, қолдаушым. Әкей дүние салғалы бірнеше жыл өтті. Әрине, еске алып, дұға жасап отырамыз. Осының өзі отызда орда бұзған жасымызға дейін жетті. Осы күні стреске түсіп, жоқ жерден ойлана беретіндерге қайран қаламыз. Олай ете бергенше белгілі бір мақсат қойып, соған қарай талпынған дұрыс болар. Қазір бір күн жұмыс істемесеңіз, аш қаласыз. Сондай-ақ, ең негізгісі денсаулық екен. Мейлінше керексіз дүниені ойламауға тырысыңыз. Әлбетте, тығырыққа тірелгенде неше түрліні пайымдайсыз. Дейтұрғанмен, «Тәуекел түбі желқайық – өтерсің де, кетерсің» демекпіз.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖАНКЕШТІ КӘСІП

МАҚСАТЫМЫЗ – ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТУ

Цирк – мәдениеттің айнасы. Онда барып бір демалып, жасап қалғанға не жетсін. Қол тисе, бір сәт күйбең тіршіліктен бас тартқан абзал. Әйтпесе, жұмыс пен үйдің ортасында бар ғұмырыңыз өтіп кетеді. Бір мезгіл өзіңізге көңіл бөліңіз!

Әрбір өнер иесіне құдіретті күш керек. Оны қарапайым адам істей алмайды. Соның ішінде циркте өнер көрсету оңай шаруа емес. Әрқашан дайындық мықты болып, өз-өзіңді шыңдап отыру шарт. Осы өнердің қыр-сырын жұртшылыққа жеткізу де ләзім. Сол мақсатпен Алматы циркінің баспалдақтағы эквелибр және қос діңгектегі гимнасттар нөмірінің жетекшісі, өнерпаз Әділет ТИКАНОВПЕН әңгімелескен болатынбыз.

– Цирк өнеріне қызығушылық неден басталды?

– Мен 2008 жылдан осы цирктің әртісімін. Тәуелсіздік құрдасымын. Өз саламды жақсы көремін. Мың тәубе! Көптеген фестивальдерге қатыстық. Шетелде де болдық. Бас жүлде, алтын, күміс, қола – бәрі-бәрі қоржында бар. Бұл өнерге «Ямакаси» деген фильм әсер етті. Сол фильмде көше спорты, өз-өздерін жетілдіру, адамдарға көмектесу сияқты бірқатар сюжет қамтылған. Содан қызығушылық басталды. Сосын «брейк-данс» биледім. Осының баршасы мектептен басталды. Шамамен 7-8-сыныптар кезі болатын. 10-сыныптан кейін Ж.Елебеков атындағы Алматы эстрада-цирк өнері колледжіне оқуға түстім.

Мені нағашым тәрбиеледі. Ол кісі әскери адам болатын. Қазір зейнетте. Нағашым оқуға түспес бұрын әскери қызметкер болуымды қалады. Сөйтіп, жүріп сыныптасымның цирк оқуына түскенін көрдім, қызықтым. Сонда Ержан Қоңырбаев дейтін ұстаздан тәлім алдық.

– Бұл салаға күш-қуатпен қатар рухани дайындық керек шығар. Қалай ойлайсыз?

– Әлбетте! Бұған дайындықпен қатар, қарым-қабілет қажет. Спорт та керек. Жалпы, барлық жағынан әзір болған абзал. Біз көшеде де жүгіріп, секіріп, барлық спорт түрлеріне қатынастық. Бірақ мұнда бір тәсілді меңгеру оңай емес. Ұдайы өсіп отыру шарт. Ұстазымыз осының бәріне дайындады. Рекорд жасауға тырыс дейтін.

Бізде цирк саласы қатты дамымаған. Астана, Алматы, Шымкент, Қарағандыда ғана цирк бар. Жаңағы айтылған бір ғана колледжде маман дайындайды. Біздің уақытта 14 грант болатын, қазір азайған. 4 жыл уақытың кетеді. Одан кейін жұмысқа орналасу өте қиын. Жыл сайын қаншама студент бітіреді, оның барлығы жұмысқа тұру қажет. Ал ол жағы әлі күнге дейін қарастырылмаған.

Көршілес Ресейде акробаттар 15 жыл қызмет істейді. Одан соң зейнетке кетеді. Өйткені, мұның іс-қимылы кеншімен тең. Студент кезінен бастап келеді, түрлі жарақат алады. Оның бәрі денсаулыққа әсер етеді. Пандемия уақытында 10 күн ауырдым. Егер тұмауратып ауырсам, моншаға барып, терлеп, жаттығу жасап кетіретінмін. Сөйтіп, жүректе мәселе болғанын білмеппін.

Біз де кәсіби спортшы болып есептелеміз. Күнде-күнде әртүрлі жаттығулар жасаймыз. 3 күн жаттықпасаңыз, дене икемге келмей қалғандай сезіледі. Сондықтан әрқашан өзімізді шыңдап жүреміз.

– Шетелдегі цирк өнерпаздарынан бізде айырмашылық бар ма?

– Ең алғаш 2012 жылы Францияға бардық. Сол жақта 2 жыл тұрдым, жұмыс істедім. Еуропаны бірінші рет көруім, тіл білмеймін. Былайша айтқанда, ауылдың қарадомалақ баласы едік. Менталитеті таңсық болды. Бәрі қызық болды. Монте-Карлода үлкен фестиваль өтті. Сонда жұбайымыз екеуміз бас жүлдені ұтып алдық.

Франция дамыған ел. Ең бірінші кезекте әртістерге көңіл бөледі. Ең мықтыларды алады. Барлық жағдайды жасайды. Біз де өз өнеріміздің әлемдік деңгейге көтеруіміз керек.

Бар нәрсе әлеуметтік жағдайға тіреледі. Таныстарымыздың көбі сыртқа кетті. Оңтүстік Корея мен Америкаға кетті. Өзіне бизнес ашты, әртүрлі істерді атқарып өмір сүріп жүргендер көп. Неліктен деп сұрайсыз? Олар болса «мен отбасымды қайтіп бағамын?» дейді. Өнеріміз өркендесін десек, өнерпаздарға бар жағдайды жасау қажет.

– Әлеуметтік желіде жануарлардың ырыққа бағынбай кеткенін көріп қаламыз. Бұл тұрғыда жұрттың бәрі ала-құла ойлайды. Сіз не дейсіз?

– Менің циркте жұмыс істеп жүріп байқағаным, мұндағы жан-жануарлардың өмірі кейбір кісілерден жақсы ма деп қаламын. Оларды жуындырады, қарайды, бағады. Тамағы, тырнағы, витамині бақылауда. Жануарлармен жұмыс істейтін әртіс өзінен жақсы қарайды. Жайдарбек ағамыз – жылқылармен, Вася көкей – аюлармен жұмыс істейді. Мен осы жануарлардың күтіміне қарап, зорлық-зомбылық көреді деп айтпас едім.

Ал әлеуметтік желідегі видеоларға келейін. Жануарлардың адамға шабуылдағанын жай ғана оқиға деп қарар едік. Мақұлық болса да олардың да өз психикасы бар. Көшеде де екі адам шекісіп қалады. Сол сияқты, өмірдегі жағдай деп қоя салу керек.

– Қандай рекордтық тәсіл жасадыңыз?

– Біз де Қажымұқан атамыздың ұрпағы болып келеміз. Маңдайыма екі адам қоямын. Өзім – 80 келі. Әлгі екі адам салмағы – 165 келі. Сөйтіп, баспалдақтан өтемін. Жалпы сондай біршама рекордтық тәсілдерім бар.

Ал менің ағайым тағы бір адам қой дейді. Өйткені, олар кеңестік кезде өзін аямаған. Барынша талпынған. Сөйтіп барып, өз-өзін дүйім жұртқа дәлелдеген. Жұбайымыз екеуміз түрлі әдіс-тәсілдер арқылы өнер көрсетеміз. Ал егер ол басқа біреумен өнер көрсетсе, оқыста құлатып ала ма екен деп уайымдаушы едім. Өзім жас болғаныммен, цирк әлемінде бірқатар дүниені игердім.

– Бұл өнер қанмен келген нәрсе ме?

– Әулетімізде бұған қатысы бар жандар жоқ. Анам бәйгеде шапқан. Қыз кууда бәрін ұтқан. Біз Кереку тумасымыз. Ауылға барсам, анамның жас күнінде мықты болғанын айтады. Сол кісіден дарыған болар.

– Шәкірт тәрбиелеп жүрсіз ғой деймін...

– Иә, 7 шәкіртім бар. Олар да әлемді аралап келе жатыр. 18 жастан баулыдық. Мектеп жасындағы бір шәкіртім келіп қосылды. Гимнаст-акробат болуға үйретіп жүрміз. 35 жасқа дейін жұмыс істеу ойда бар. Бұл саланың қыр-сырын сол жігіттерге үйретіп, бойларына сіңіріп кетемін. Арғы қарайғы өмірді көреміз. Шетел күтіп тұр. Шетелге де керекпіз ғой. Мүмкін қайтып оралармыз. Оның баршасы сырт жақтағы тіршілікке байланысты. Бәрін уақыт көрсетеді.

– Көп рахмет!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

МҰНЫ БІЛГЕН АБЗАЛ

ҚАЗАҚ ТҰМАРДЫ НЕ ҮШІН ТАҚҚАН?

Осыдан ширек ғасырға жуық уақыт бұрын осы тақырыпқа қалам тартқанымыз бар. Дінімізге еркіндік берілгендіктен болар, ол кезде тұмар таққан жастарда есеп болмады. Көбісі өздерін Құдайдың құлы, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмметіміз, мойнымыздағы тұмар соның белгісі деп есептесе, бірсыпырасы (көбісі деуге де болады) қатардан қалмаудың қамын жасап жүргендей еді...

Қазір олардың саны азайғанымен, сақал қойған (мұрты жоқ), бетін бүркенген жастардың қарасы көбейіп барады. Ересектердің арасында да бұл көрініс бой көрсетіп қалады. Мойынына тақпағанның өзінде, мініп жүрген автокөлігіне, т.б. көріністі жерлерге тағады. Тақпасын демейміз, бүгінгі сөз тұмарды қазақ не үшін таққандығы жөнінде болмақ.

Алланың адал жолына бастайтын, имандылықтың жарқын көрінісі болып табылатын Ислам дініне деген құштарлық елімізде қай кезде де ортайған емес. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Осы орайда жастарды, қайсыбір ересектерді де қолымыз әзер жеткен киелі дінімізді қадірлеуде жаңсақ қадамдар жасаудан сақтандыру қажет сияқты. Үрейленуге де негіз жоқ емес. Кешегі қой үстіне бозторғай жұмыртқалатпақшы болған коммунистік партияның түбіне де осы науқаншылдық пен енжарлық жетті емес пе? Қойшыдан бастап министрге дейін партияның қатарына кірді. Қадірін білетін де, білмейтін де мүше болды. Партбилетті қалтаға салып алып қарқылдап күлдік, жарқылдап жүрдік, өзімізді коммунистпіз деп санадық. Бірақ оның жарғысын, талап-тілектерін орындамадық. Партияны мақтаудан, даттаудан және аңсаудан аулақпын. Тарихтан тағылым алу керектігін, жақсысынан үйреніп, жаманынан жирену қажеттігін айтып отырмын. Исламның шарттарын, парызын және шариғат талаптарын орындамай, тек тұмар таққанымызға қанағаттанатын болсақ, жоғарыда айтқандай, коммунистердің кебін киеріміз шүбәсіз. Дін партия емес, оған кір деп ешкім зорламайды. Жарғысын жаттатқызып сынақтан өткізбейді де (өкінішке қарай, ондай секталар да жоқ емес). Партияға жақсы жалақы, үлкен лауазым үшін кірсе, дінге Алланың алдындағы парызын өтеуге пейіл білдіріп, имандылыққа бет бұрып қадам жасайды. Бірінші парыз – Алланың бірлігін, бар екендігін танып-білу, сену, оған иман келтіру болса, қалған төрт парыз (намаз оқу, зекет беру, ораза ұстау, қажылыққа бару) сол шынайы сенімді іс жүзінде нақтылау, яғни дәлелдеу төңірегінде өрбиді. Ойында Алла, жадында Құран, тілінде иман жүруге тиіс. Халқымыздың «Мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте» деген қанатты сөзі осыны меңзесе керек.

Тұмар – халқымыздың ұғымында киелі мағынаға ие болған. Сан ықылым заман бұрын қағаз жоқ, тауар қат кезеңде сауда-саттық жасап алысқа сапар шеккенде немесе соғыс жорықтарына аттанғанда бабаларымыз мал терісінен жүрекке ұқсатып, үшбұрышты етіп тігілген қалташыққа туған жердің топырағын толтырып алып шығатын болған. Ол қалташықты тұмар деп атаған. Туған жерге деген шексіз құрметтің, перзенттік парыздың белгісі болса керек бұл.

Бір асқан ғұлама туралы халық аузында сақталған мынадай бір әңгіме бар. Әлгі ұстаз қартайған шағында бір топ шәкірттерінің басын қосып: «сендерге аманатым бар, егер құпиясын сақтап, шартын орындасаңдар айтамын» дейді. «Аманатқа қиянат жасауға болмайды, айтқаныңызды орындаймыз» деп шәкірттері уәде береді. Ұстаз оларға көннен тігілген тұмарды ұсынып, қабірінің басында ғана ашуды өтінеді. Арада көп уақыт өтпей-ақ ұлы ұстаз дүниеден өтеді. Ғұламаның намазына қатысу үшін Бағдат пен Мысырдан жер қайысқан жамағат Шамға жиналады.

Біразы ұстазымен қоштасуға келсе, біразы әлгі тұмардың ішіндегі құпияның сырын білуге ынтығып жетеді. Арулап жерлеу рәсімі кезінде уәде бойынша әлгі тұмарды ашып қараса, ішінен тілдей қағаз шығады. Онда: «Бұл туған жерім – Отырардың топырағы еді. Қабіріме осыны салыңдар» деп жазылған екен. Данышпанның аты данышпан, өмірден өтіп бара жатып та, туған жердің қасиетін кейінгілерге ұқтырып кетіпті... Сонымен, бұл данышпан кім болды екен дейсіздер ғой, елдің санасын ізгілікке бөлеп, өнер мен білімге кеңеп, сол жолда бар ғұмырын сарп еткен аты әлемге мәлім –

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз екен!

Иә, тұмар атауының төркіні туған жермен байланысып жатқанын белгілі жазушы, ғалым, ғылым докторы Ақселеу Сейдімбеков өзінің «Барың мен жоғыңды парықтау» деген («Жас алаш», 12 маусым, 1999 ж.) мақаласында айтты. Тұмар сөзінің байырғы түркі тілінде (тума+иер) деген екі сөзден құралып, туған жер деген мағынаны білдіретінін жазды.

Бертін келе дүмше молдалар тұмар ішіне Құран сөзінен көшіріп беріп, ауру-сырқауға ем болады деп ырымдаған. Бүгінгі нарық заманының бизнесмендері (ондай ұсақ-түйектен пайда іздегендерді осылай атауға келсе) аңқау елдің аңғырт тұсын дөп басып, тұмарды табыс көзіне айналдырды. Дүмше молдалар тым болмаса ішіне аяттардың сөзінен көшіріп беретін болса, жылпос бизнесмендер іші бос, сырты әшекейленген тері тұмарларды тоғытып сатты. Тіпті, анаумынау жерде емес, мешіттің ауласында, діни мекемелердің маңайында сатады. Ислам дінінің сыр-қырынан бейхабар жастар сатып алып, мойындарына таққандарына мәз болды.

Дінімізде «Құран сөзі – Құдай сөзі» деп есептеледі. Оларды әрбір мұсылман жадында сақтап, жатқа білуі керек. Сауабы сонда мол болады делінген.

...Жасы отыздар шамасындағы келіншек бар екпінімен елді еңсеріп ентелеп келеді. Мойнындағы алақандай тері қалташық бұлғақтап, кеудесін ұрғылап тұр. Мына көрініс еріксіз көңіл бөлгізді.

– Қарындас, алқаңыз тым әйдік екен? – дедім езу тартып.

– Ағасы-ау, соны да білмегеніңіз бе, бұл тұмар ғой, – деді асығыс қалпы.

– Ол не үшін керек?

– Өзіңіз тіпті, діннен мақұрым екенсіз ғой... Мұсылмандықтың белгісі емес пе, әрі бәле-жаладан қорғап жүреді дегендей… Сөзінің соңын естімедім. Асығыс қалпы ұзай берді. Жүрісі ширақ, көңілі көтеріңкі.

Әрине, келіншекті кінәлаудан аулақпын. Дінге жалаң сенім ретінде бей-жай қарайтындар бір ол емес. Алды-артын жіті байқамай, бағытын толық анықтамай, әлдебір діндарлардың соңынан кетіп бара жатқан жастар бар екені баршаға аян. Басқа басқа, дінге фанат болу өте қауіпті. Ол деген өзің көзің көрмей, құлағың естімей, әлдекімнің сөзіне еріп, етегінен ұстап кете беру деген сөз. Соқыр адамның алды құз, арты жар екені белгілі емес пе? Жөн сілтеп, бағыт-бағдар беретін орта болмаған соң жастарға да кінә артуға болмас. Кеңес үкіметі кезінде елімізде жалғыз мешіт (ол да Алматыда) болғаны белгілі. Қазір Алматының өзінде 60-қа тарта мешіт бар. Ал еліміз бойынша олардың жалпы саны 2716-ға жетіп жығылады.

Бұған қоса, Алматыда Ислам университеті, қайсыбір облыс орталықтарында медреселер жұмыс істейді. Демек, исламды насихаттаушылар, діндарлар саны жетерлік деген сез. Жоғарыдағыдай жастарды діннің қасиетін ұғуға шақыру, дұрыс жолға бағыттау бұлардың төл ісі болса керек. Олар біріншіден, мұсылмандық парызын, екіншіден, ақылы міндеттерін тиісті дәрежеде неге орындамасқа!

Сонда еліктегіш жастар бабалары тұмарды не үшін таққанын түсінер еді-ау!..

Сәрсен ҚАРМЫС.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ЗАҢСЫЗ МИССИОНЕРЛІК

Технология саласындағы үлкен бір серпіліс сандық ортаға көшуге алып келіп жатыр. Бұл бүкіл қолжетімсіз дүниелерді бір ғана ғаламтордың арқасында санаулы секундтардың ішінде көз алдыңызға алып келуге жол ашты.

Бір қарағанда қолжетімділіктің артуы жақсы нәтижелерге алып келсе де, екінші бір таяқтың ұшы адамдардың адасушылығына да итермелеуде. Өйткені, ғаламтордағы діни уағыздар, діни кітаптар мен мағлұматтар арнайы сараптамадан өтпей жатып жарияланады. Ол мақаланы немесе кітапты оқыған, сондай-ақ уағыз тыңдап, видеоларды көрген діннен бейхабар, діни сауаты төмен адам олардың қармағына түсіп, қалай алданғанын білмей, солардың жетегінде кетіп қалып жатады. Бұл теріс жағдаяттарға өзіміз де куә болып жүргеніміз жасырын емес. Мамандықтары теолог немесе исламтанушы болмаса да, ғаламтордағы діни уағыздарды бойына сіңіріп алған жастар құдды бір Мысыр еліндегі әл-Азхар оқу орнын бітірген ғалым-ғұламалар секілді оңды-солды пәтуа беруге құмарланған.

Ғаламтордағы заңсыз миссионерлік қалай дамыған болса, оларды бақылауда ұстайтын, олардың жұмыстарын бақылайтын мониторинг жүйесі де солай дамып жатыр. Бұл мониторингтік жұмыстар барысында еліміздегі таралып жатқан бірқатар деструктивті діни контенттер бұғатталуда. Алайда, діни сұрақ туындаса бірден ғаламтордағы күмәнді ақпарат көздеріне жүгінетін жастардың да қатары көбейіп келе жатқаны ақиқат. Дінді мойындап, құлшылыққа берілген әрбір жастың бойында шабыт болады. Бұл дінді тезірек, тереңірек үйренуге, зерттеуге алып келеді. Имам уағыздарындағы толеранттылық, төзімділік секілді дүниелерді жоққа шығарып, мұсылмандардың үстемдігі, мұсылмандардың ғана дұрыс жолда жүргендері туралы көпіріп тұрып айтқан уағыздарды ғаламтор беттерінен тауып, таратудың нәтижесінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған ел азаматтары көбеюде.

Ғаламтордың дамуымен қатар, виртуалды әлемде адамдардың танысып-білісіп, араласуына, тіпті отау құруға септігін тигізген әлеуметтік желілер де көбеюде. Алғашында тек «Мой Мир», одан кейін «ВКонтакте», тағы да уақыт өте келе «Фейсбук», «Инстаграм», соңғысы «Телеграм» мен «ТикТок» секілді әлеуметтік желілердің түрлері заңсыз миссионерліктің күшеюіне де алып келуде. Бір ғана «Инстаграм» әлеуметтік желісінде «Сунна» хештегімен 2 миллионнан астам пост жарияланған. Бұл посттар жазба, сурет немесе видео форматында болса таңқалмаймыз. Мұны көрген, дін ізденген әрбір адам оның жетегінде кетпейді дегенге кепілдік бере алмаймыз. Өйткені, мұндай посттарды жариялап жатқан миссионерлер адамның психологиясын зерттеп, жанды жерлерін тапқан. Осылайша көп адамдардың ішіндегі жандүниесінің әлсіз тұстарын тауып, видеоларына қосып, харизмасы бар адамдардың уағыздарының негізгі тақырыптарына айналдырады. Десек те, соттың шешімімен 2022 жылы 24 экстремистік ағымға, уағызшыларға тыйым салынды.

Біздің жоғарыдағы дүниелерді қысқаша түйін сөздермен тәмамдасақ болады. Қазіргі таңда әрбір телефон сатып алушы адам әлемдік жаңалықтар мен трендтерден қалыс қалмау мақсатында міндетті түрде әлеуметтік желілердің біреуін болса да телефонына жүктеп пайдаланады. Ал енді ғаламтордағы жат ағым уағызшыларынан, заңсыз болып саналған миссионерлерден қалай сақтануға болады? Ең алдымен, ғаламтордағы қауымдастықтардың беріп жатқан діни ақпараттары шынайы болмауы мүмкін деген сыни көзқарас даму қажет. Жарияланып жатқан әрбір дүниеге «Бұл қаншалықты ақиқат?» деген сұрақты адам өз-өзіне қоюы керек. Таныс емес, бөтен адамдардан келген хаттарды оқымаған және таратпаған абзал. Көп адамдар заңсыз миссионерліктің таратушысы екендігінен бейхабар. Заңмен тыйым салынғанын да білмейді. Ал заңды білмеу бізді жауапкершіліктен құтқара алмайтынын ұмытпағанымыз жөн болар.

Қасым АШИМОВ,
«Нұрлы» мешітінің бас имамы.

ЖОБА

«БІР АЙДА БІР КІТАП»

Бостандық ауданы «Бәйкен» мешітінде «Жастар ісі» бөлімінің ұйымдастыруымен «Бір айда бір кітап» жобасы аясында семинар өтті



«Діні бар да, ұлты жоқ, сақалы бар да, мұрты жоқ. Теке сақал, қырма мұрт, елдің түбіне сол жетер».

Мәшһүр ЖҮСІП.

Семинарға «Нұр-Мүбәрак» университетінің ұстазы, хадис ғылымының докторы Азамат Жамашев қатысып, адам баласына кітап оқудың артықшылығы мен пайдалары жайлы кеңінен тоқталды. «Темірқазық» атты кітапты таныстырған Азамат мырза исламның қазақ даласына таралуы оқиғаларын негізгі дереккөздерге сүйене отырып түсіндірді. Семинар соңында қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Azan.kz Ислам ақпараттық-ағарту порталы.

ҚОЛДАУ

ТӘУЛІК БОЙЫ НАЗАРДА

Алматыда 9,7 мың бала оңалтудан өтті

Алматыда балаларды 8 медициналық ұйымы тәулік бойы оңалтудан өткізеді. Екі кезеңді оңалту – нейрохирургиялық, неврологиялық, кардиологиялық және травматологиялық бейіндер бойынша №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының базасында, сонымен қатар, екі бағыт: нейрохирургиялық және травматологиялық бағыттар бойынша жүргізіледі. Үш кезеңді оңалту 5 мемлекеттік балаларды оңалту орталығында және 1 жекеменшік орталықта жүргізіледі.

Міне, осылайша балаларды ерте оңалту орталығы неврологиялық патологиясы бар 3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларды қабылдайды; тыныс алу органдарының аурулары бар (демікпе, бронхит, пневмониямен ауырған) сол жастағы балаларды «Алау» оңалту орталығы қабылдайды; ал тыныс алу органдары мен жүйке жүйесінің аурулары бар 8 жастан 14 жасқа дейінгі балалар «Балдәурен» орталығында оңалтудан өтеді. Қалалық балаларды оңалту орталығы 3 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға церебральды сал ауруы, парез, сал ауруы, сонымен қатар, ми мен жұлын жарақатынан немесе инсульттан кейінгі жағдайда (аутист балалар, Даун ауруы және т.б.) психоневрологиялық көмек көрсетеді. 1 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға фтизиопульмонология балаларды оңалту орталығында туберкулезге қарсы және пульмонологиялық емдеу жүргізіледі. Неврологиялық бағыт бойынша балалар жеке оңалту орталығында да оңалтудан өте алады. Медициналық қарсы көрсетілім болса да, болмаса да, қала емханаларының учаскелік дәрігерлері балаларды емдеуге жібереді.

«2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматыда тәулік бойы оңалту орталықтары мен стационарларда 5626 бала оңалтудан өтеді, оның 606-сы мүмкіндігі шектеулі. Бұдан басқа, мемлекеттік тапсырыс аясында балаларға оңалту көмегі қала емханаларында да көрсетіледі. Амбулаториялық деңгейде және күндізгі стационарларда 4131 бала оңалтудан өтті», – дейді штаттан тыс бас балалар реабилитологы Эльвира Роот.

Балалармен көпсалалы топ жұмыс істейді, оған құрамында реабилитолог, жаттығу терапиясының нұсқаушысы немесе кинезитерапия маманы, кәсіби терапевт, массаж терапевті, психолог, психотерапевт, логопед және т.б. әртүрлі мамандар бар. Әр балаға жеке оңалту жоспары жасалады. Бұған қоса, бейімделген бағдарлама бойынша мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың танымын кеңейту, есте сақтау мен ойлауды дамыту, сонымен бірге адамгершілік тәрбие беру мақсатында сабақтар топпен өткізіледі. Бұл жағдайда балалардағы психо-педагогикалық патологиялар ескеріледі.

МАМАН КЕҢЕСІ

КҮНІ БОЙЫ ҮСТЕЛДЕ ОТЫРУ АУРУ ШАҚЫРАДЫ

Сондықтан не істеу керек?

Бүгінгідей ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда көбіміздің отырып жұмыс істеуге көшкеніміз жасырын емес. Ал «отырықшы» жұмыс біздің денсаулығымызға теріс әсер ететіні айтпаса да түсінікті.

Мәселен, омыртқа зардап шегеді, мойындағы қан ағымы қысылады, ал бұл орталық нерв жүйесінің әртүрлі ауруларына әкеліп соғады. Сондықтан қимылқозғалысы аз, күні бойы отырып жұмыс істейтін адамдардың спортзалға, бассейнге, массаж салондарына барып тұрғаны абзал дейді мамандар.

«Отырықшы жұмыстың салдарын болдырмау үшін спорттық рекордтар орнатудың немесе жарақаттанатын және шаршататын спорт түрлерін таңдаудың қажеті жоқ. Бірақ сіз кеңседе жасай алатын күнделікті жеңіл гимнастика туралы ұмытпаңыз. Демалуға және кейбір бұлшықеттерді аздап дамытуға көмектесетін көптеген жаттығулар бар», – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының өкілі Алмагүл Нағимтаева.

Осылай деген маман күні бойы кеңсеге, компьютерге жіпсіз байланған жандарға бірнеше кеңес ұсынады.

■ Әр сағат сайын жұмыс үстелінен тұрып, буындарды созып, қанның бүкіл денеде жақсы айналуына мүмкіндік беріңіз.

■ Басыңызды еңкейтіңіз, иығыңызды қимылдатып, айналдырыңыз, аяғыңызды сәл көтеріңіз және бірнеше айналмалы қозғалыстар жасаңыз.

■ Күні бойы отыра берген соң, кешке қарай арқаңыздың ауырғанын сезесіз. Сондықтан күндіз жұмыс арасында үзіліс жасап, қабырғаға арқаңызды тигізіп, кем дегенде екі минут тұрыңыз.

■ Белдегі ауырсынуды жеңілдету үшін орындықта отырып аяғыңызды алға созып, қолыңызды аяқ басына дейін жеткізіңіз. Бұл жаттығу кезінде бүкіл денеңізді, әсіресе мойныңызды босаңсытуға тырысыңыз. Сондай-ақ, мүмкіндігінше бұралу мен иілу жасаңыз, олар омыртқаның ауырсынуын жақсы басады.

■ Кеңседе ғана емес, қарапайым тіршілікте де көбірек қозғалуға тырысыңыз. Жеделсатының орнына баспалдақты пайдаланыңыз, көлікті кеңседен алысырақ қойыңыз немесе біраз жаяу жүріп бару үшін жұмысыңызға жетпей автобустан бірер аялдама ерте түсіп қалыңыз.

ЦИФРЛАНДЫРУ

МҮГЕДЕКТІКТІ АНЫҚТАУ

медициналық құжаттамасын беру электрондық форматқа өтеді

Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері мүгедектік тобын белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдаманы оңтайландырды.

Енді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу кезінде екі емес, бір бірыңғай нысан қалыптасады, бұл бағыттың қалыптасу уақытын қысқартуға және медицина қызметкерлеріне жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, аурулардың 13 тобы бойынша пилоттық жоба шеңберінде мүгедектікті белгілеу сырттай форматта өтеді. Бұл медициналық құжаттама электрондық түрде жіберіледі және пациенттерге медициналық-әлеуметтік сараптамаға барудың қажеті жоқ деп болжайды.

Осы қызметті көрсету бойынша мүгедектікке жеке куәландыру бойынша медициналық құжаттаманы электрондық форматта беру жолға қойылған. Бұл сарапшыларға медициналық құжаттарды электрондық түрде алуға мүмкіндік береді.

Кейіннен аурулардың барлық топтары бойынша қағаз құжаттаманы толығымен алып тастау және толыққанды электрондық деректер алмасуға көшу жоспарлануда.

МӘМС

МАРЖАНДАЙ ТІС

денсаулық кепілі

Тістің саулығы да – денсаулық кепілі. Алматыдағы №11 қалалық емхананың тіс дәрігері Гүлнар Тұрысбекова тегін стоматологиялық көмекті пайдалану тәртібін түсіндіріп берді.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге жоспарлы стоматологиялық көмек тегін көрсетіледі. Оған тісті жансыздандыру, жақты немесе тісті рентгенге түсіру, тіс жұлу, пломба салу, периостотомия, пульпит пен периодонтитті, стоматиттің жіті формаларын, альвеолитті емдеу, абсцесс болған тісті ашып тазалау сынды қызметтер кіреді», – дейді емхананың стоматология бөлімшесі меңгерушісі.

Еске сала кетсек, жалпы жоспарлы ғана емес, шұғыл стоматологиялық көмек те МӘМС арқылы қаржыландырылады. 2023 жылы Алматы тұрғындарына көрсетілген жоспарлы және шұғыл стоматологиялық қызметтерге Медициналық сақтандыру қоры 3,9 млрд теңгеге жуық қаржы бөлді. Шұғыл жағдайларда стоматологиялық көмекті зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері мен осы санатқа теңестірілгендер, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталған көпбалалы аналар, I, II, III топ мүгедектері, ерекше мұқтаждыққа ие балаларды күтетін және бала кезінен I топтағы мүгедектің күтімімен айналысатын жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алатындар пайдалана алады дейді маман.

Маман сөзіне сүйенсек, пациент стоматологиялық көмекті медициналық ұйымды еркін таңдау арқылы пайдалана алады. Ол үшін учаскелік дәрігердің жолдамасы қажет емес. Қормен келісім жасаған жеке стоматологияны таңдауға немесе өз емханасының стоматологиялық кабинетіне жүгінсе болады. Қормен жұмыс істейтін клиникалардың тізімімен fms.kz сайты арқылы танысуға болады.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

«БАЛАМ ЕНДІ ФУТБОЛ ОЙНАЙТЫН БОЛДЫ»

немесе ентігіп қала беретін жасөспірімге жасалған Насса отасы сәтті өтті

Алматылық хирургтар кеуде қуысының деформациясын түзету үшін Насса операциясын жасады. Балалар хирургі Мейіржан Құрманалиевтің айтуынша, балалардағы кеуде ақауларының арасында шұңқыр тәрізді қисаю жиі кездеседі. Бұл жағдайлардың шамамен 90%-ын құрайды.

Балалар жедел медициналық көмек көрсету орталығында 14 жастағы екі пациентке жоспарлы түрде Насса операциясы, яғни кеуде қуысының деформациясын түзету операциясы жасалды. Қабылдау кезінде екі жасөспірім де жүргенде шаршап, қатты ентігіп қала беретін болған. Бұл ақау, әсіресе, ұлдарда 5 есе жиі кездесетін көрінеді.

«Төс сүйегінің қысылуының негізгі себебі – төс сүйегін қабырғалармен байланыстыратын шеміршектің шамадан тыс өсуі. Бұл сүйек тінінің өсуі шеміршектің өсуіне байланысты кешіктірілгенде пайда болады. Нәтижесінде төс сүйегі кеуде қуысына кіріп кеткен сияқты. Кейбір жағдайларда туа біткен қисаю генезі болуы мүмкін. Бұл операция эндобейне ассистенциясы бойынша аз инвазивті әдіспен жүргізіледі. Мұндай инновациялық әдіс МӘМС шеңберінде пациенттер үшін тегін жүргізіледі. Әр операция бір сағатқа созылды және сәтті өтті. Қазір балалар өздерін жақсы сезінеді», – деп атап өтті Мейіржан Құрманалиев.

«Менің ұлым құрдастарының алдында киінуден ұялатын. Сонымен қатар, ұлдар футболды немесе басқа да спорттық ойын түрлерін жақсы көреді ғой, бірақ балам оған қол жеткізе алмады. Өйткені, ол жай жүргенде де ентігіп қалатын. Дәрігерлерге менің ұлыма барлық құрдастары сияқты болуға көмектескені үшін рахмет айтамын», – дейді жасөспірімдердің бірінің анасы.

Балалардың көпшілігінде бұл кесел өмірдің бірінші жылында көрінеді. Бірақ прогрессия баланың барынша өсу кезеңінде жүреді: 6–8 және 11–13 жаста. Кеуденің шұңқыр тәрізді белгілеріне тек көрінетін қисаю ғана емес, сонымен қатар клиникалық белгілер, атап айтқанда жүрек пен өкпе функциясының бұзылуы жатады. Соңғысы әсіресе, ересек әйелдер мен еркектерде айқын көрінеді, бұл қисаюдың дамуымен байланысты.

Жыл басынан бері Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының хирургтары осындай 50-ге жуық операция жасаған. Балалардың қалыпты өмір көшіне ілесіп жатқаны біз үшін де, медицина үшін де үлкен жетістік екені даусыз.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

РЕЙД

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин бюджет қаржысы есебінен іске асырылатын проблемалық құрылыс және реконструкциялау нысандарын аралады. Жұмыс барысында құрылысы 2021 жылдың 21 шілдесінде басталған ШЖҚ «Балалар шұғыл медициналық көмек орталығы» МКК үшін операциялық блогы бар қабылдау бөлімшесінің корпусын салу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың барысымен танысты.

ЖАУАПСЫЗДЫҚ – ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Рая ЕСКЕНДІР

Құрылысқа жауапты мердігер ұйым «Ақ ордасы корпорациясы» ЖШС болып табылады. Бастапқыда құрылыстың аяқталу мерзімі 2022 жылдың 30 қыркүйегі деп белгіленген еді. Дегенмен, мерзімнің ұзартылуына қарамастан мердігер ұйым осы уақытқа дейін өз жұмысын аяқтамай отыр. Осыған байланысты қалалық әкімдік мердігер ұйымға қатысты сотқа талап-арыз берді. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 3 шілдедегі шешімімен «Ақ ордасы корпорациясы» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жауапсыз қатысушысы болып танылып, мемлекет пайдасына 12,3 млн теңге сомасында тұрақсыздық төлемі өндірілді.

Бұған қоса, мердігерлік ұйымға қатысты «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 312-бабының 2-тармағына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензияның бір кіші түрінен айыра отырып, айыппұл салу түрінде шаралар қабылданды. Қазіргі таңда ғимараттың қаңқасы, шатыры, сыртқы қабырғалар мен бөлімдерді қалау, терезе блоктары мен бірінші әрлеу жұмыстары бітті. Инженерлік коммуникациялар, лифтілерді орнату, қасбет, әрлеу, абаттандыру бойынша жұмыстар аяқталып келеді. Құрылыс нысаны 85%-ға дайын. Қажетті жабдықтардың 96%-ы сатып алынды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталған соң сатып алынған жабдықтар орнатылады. Қала басшысының орынбасары құрылыс мекемесіне жүргізіліп жатқан жұмыстарды 2023 жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқтауды тапсырды.

Келесі кезекте қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин №9 мектеп-интернатының жанынан салынып жатқан қосалқы құрылыстың барысымен танысты. Аталмыш нысан бойынша жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмысы 2021 жылдың шілдесінде басталып, өткен жылдың қараша айында аяқталуы тиіс болатын. Дегенмен, қалалық әкімдік «Barat & Co» ЖШС мердігерлік ұйымын жұмыс өндірісінің бұзылуы мен сапасыз материалдарды қолдану фактісі бойынша 2022 жылғы желтоқсанда сотқа талап-арыз берді.

Осылайша Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 7527-23-00-2/3201 шешімімен «Barat & Co» ЖШС мердігеріне 6,5 млн теңге айыппұл салынды. Мердігер ұйымға 2023-2024 жаңа оқу жылында барлық жұмыстарды аяқтау тапсырылды. Бүгінде нысан 99%-ға дайын. Инженерлік желілерді құрылыс алаңының астынан, сыртқы қабырғалар мен ішкі бөлімдерден көшіру бойынша жасалған жұмыстар аяқталды. Сонымен қатар, әрлеу жұмыстары, терезе блоктары, шатыр, сыртқы қасбет және аумақтың периметрі бойынша қоршаулар орнатылып, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтаудың инженерлік желілері қосылды.

Осыдан соң Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин 2021 жылдың шілдесінде басталған №48 мектеп-лицей ғимаратын қайта жаңарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың барысымен танысты. Құрылыстың нормативтік мерзімі – 10 ай. Құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты 2022 жылы жобалау-сметалық құжаттамаға түзету енгізіліп, аяқталу мерзімі 2023 жылдың 31 қаңтарына дейін ұзартылған еді. Өзіне сеніп тапсырылған жұмысты сапасыз орындаған «Риголит» ЖШС мердігерлік ұйымына қатысты сотқа талап-арыз берілді. Қазір сот процесі жүріп жатыр. Бүгінде нысан 99%-ға дайын.

Ғимараттың 1 және 2-блогы бойынша сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізіліп, ішкі инженерлік желілер ауыстырылды, ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары аяқталды. Бұған қоса, 3, 4, 5-блок бойынша барлық монолитті жұмыстар аяқталды. Ғимаратқа инженерлік желілер жүргізіліп, шатыры мен терезе блоктары орнатылды, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, 3, 4, 5-блокты сыртқы әрлеу, аумақты абаттандыру және жабдықты реттеу жұмыстары қолға алынды. Мердігер ұйымның айтуынша, оқу жылында нысан пайдалануға берілмекші. Қала әкімінің орынбасары Түрксіб ауданы аумағындағы «Жас қанат» ықшамауданында бой көтеріп жатқан тұрғын үйлердің барысымен де танысты. Мәселен, мұндағы үйлердің 22 мың шаршы метрі жылдың соңына дейін пайдалануға берілуге тиіс.

Қазір «Жас қанат» ықшамауданындағы аумағы 163 098 ш.м. болатын 41 үйдің (3116 пәтер) құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл үйлердің аумағы 122 859 ш. м. болатын 2344 пәтері пайдалануға берілді. Осы жылдың соңына дейін тағы да 5 үй, яғни 473 пәтер (22 мың ш.м.) пайдалануға берілетін болады. Сонымен қатар, салынып жатқан үйлерге іргелес аулаларды абаттандыру жұмыстары да қоса жүргізіліп жатыр. Абаттандыру жобасы аясында 12 аула 60%-ға дайын. Бүгінде 8 аула бойынша жұмыстар жүргізіліп, оларға асфальт төселіп, шағын сәулет нысандары орнатылды. Қалған аулалардағы шағын сәулет нысандарды орнату және көгалдандыру жұмыстары 10 қыркүйекке дейін толығымен бітеді. Ал мұндағы қалған 4 аула бойынша жұмыс 15 қыркүйекте басталып, қарашада аяқталады. Қала әкімінің орынбасары мердігер ұйымға жұмыс қарқынын жеделдетуді тапсырды. Жалпы, бұл үйлер 2022 жылдың желтоқсанында пайдалануға берілуге тиіс еді. Жұмыстардың сапасыз орындалуына байланысты тапсыру мерзімін едәуір кешіктіргені үшін «Риголит» ЖШС, «Капиталпроект Групп» ЖШС, «Хадит» ЖШС, «Промкомплект» ЖШС, «Шах» ЖШС және «НВК-Сапа Құрылыс» ЖШС мердігерлік ұйымдарын мемлекеттік сатып алуға жауапсыз қатысушы деп тану туралы талап-арыздар берілді. Қазіргі уақытта бұл ұйымдармен сот процесі жүріп жатыр.

Алматыдағы №145 мектепті сейсмикалық күшейту және жөндеу жұмыстары 2023 жылдың 20 қыркүйегіне дейін аяқталуға тиіс. Сондай-ақ, Бостандық ауданындағы №145 жалпы білім беретін мектеп ғимаратындағы жүргізіліп жатқан жұмыстардың 85%-ы дайын. Ғимараттың сейсмикалық төзімділігін күшейту, ішкі бөлімдер мен терезе блоктарын орнату жұмыстары аяқталды. Ішкі инженерлік инфрақұрылым жүргізілгенімен әлі де ішкі әрлеу, қасбеттік жұмыстар жалғасып жатыр. Негізінен бұл нысанды қалпына келтіру мен күрделі жөндеу, сейсмикалық күшейту жұмыстары 2021 жылдың 12 шілдесінде басталып, 2023 жылғы 30 қаңтарда тапсырылуға тиіс болатын.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Алматы қаласының әкімдігі «Ақ ордасы корпорациясы» ЖШС мердігерлік ұйымына қатысты сотқа талап-арыз берді. Сот шешімімен «Ақ ордасы корпорациясы» ЖШС-не 3,5 млн теңге көлемінде айыппұл салынып, жауапсыз қатысушы ретінде мемлекеттік сатып алуға қатыспайтын болды. Апелляциялық соттың қаулысымен шешім өзгеріссіз қалды. Мердігер ұйымға нысандағы жұмыстарды 2023 жылдың 20 қыркүйегіне дейін аяқтау жүктелді.

ЖОБА

БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ АРТТЫ

Алматыда кеше «TURAQTY JOL» республикалық экологиялық идеялар мен жобалар фестивалінің финалы ұйымдастырылды.

10 млн теңге көлеміндегі жүлде үшін 10 команда қатысты. Осылайша білгір жастар бақ сынады. Қазақстанның әр өңірінен келген жасөрендер өздерінің бизнес-жобасын таныстырды.

Байқау барысында команда капитандарына жобаны енгізуге қолдау көрсету үшін қазылар алқасының мүшелеріне өздерінің экологиялық идеясын таныстыру мүмкіндігі берілді.

Жобаны Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Алматы қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығымен бірлесіп ЮНЕСКО клубтарының қазақстандық ұлттық федерациясы ұйымдастырды.

– Осы фестиваль Алматы қаласы іскер әйелдер қауымдастығының қолдауымен жүзеге асып отыр. Мұндай жобалар өскелең ұрпаққа өте пайдалы болады. Сондай-ақ, өзекті мәселелерді көтеріп отырғандығы өте маңызды. Экологиялық проблемаларды дер кезінде шешу уақыт талабы деп санаймыз. Бизнестің өркендегені жақсы, – деді АДЖА басқармасының төрайымы Әсел Кемелбаева.

Суретті түсірген Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

Жас өнертапқыштар өздерінің бизнес жобаларымен таныстырды. Көпшілігінің идеясы – таза ауа, экологиялық апаттың алдын алу, өрт қауіпсіздігін сақтау, көліктерден бөлінетін улы заттарға сүзгі орнату және т.б.

– Әлемде әрбір 6 секунд сайын ауа ластанады. Соның бірі де бірегейі тікелей газдан бөлінетін улы заттар болып саналады. Сондықтан метан, пропан газын реттеудің жолдары қарастырылды. Егер де осы жоба іске асар болса, елімізде экология жақсарады деп сенеміз, – деді өнертапқыш Бекболат Жангерей.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖЫР ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК

ӨМІРІ ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН



Қазақта екінің бірі ақын деп жатамыз ғой. Солай да шығар. Бірақ поэзия әлемінің тылсым сырына терең бойлап, жанды тербетіп, жүректі қозғайтын сөз жауһарын қағаз бетіне түсіру әр ақынның бойына біте бермейтін ерекше қасиет болар.

Өлеңсүйер қауымға сонау алпысыншы жылдардың басында «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған балауса жырларымен танымал болып, толысып, кемелденген шағында өлеңдері «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Таңшолпан», «Ана тілі» сияқты көшбастар әдеби басылымдарда жарық көрген Бақтықожа Салахатдинұлы Ізмұханбетовтың қаламынан төгілген әсем шумақтарды оқығанда осындай ой келеді.

Бүгінгі күні жетпіс бестің белесін бағындырып отырған Республикалық ардагерлер ұйымы Орталық Кеңесінің төрағасы, белгілі ақын Бақтықожа Салахатдинұлының жүріп өткен өмір соқпақтарына көз салсақ, тағдырдың ауыртпалығын бала жасынан-ақ көрген екен.

«Ауыр өмір бізге ерте басталып,
Әке кетті қара жерді жастанып.
Он баланың кішілері жас сәби,
Ата тұрды сақалына жас тамып», –

деп күрсінеді ақын балғын балалық шағын ұрлаған сұм соғыстың зардабын еске алып.

Қатал тағдырдың көрігінде шыңдалып ерте есейген ауыл баласы мектеп бітірісімен өзі туып-өскен Гурьев (қазіргі Атырау) облысының Теңіз ауданынан білім қуып шалғайдағы Башқұртстанға жол тартады да, Уфа мұнай институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша тәмамдап шығады. Еңбек жолын жетпісінші жылдардың басында «Ембімұнай» бірлестігінде бұрғылаушының көмекшісі болып бастаған жас маманды жігері мен талабы өрге шығарып, ондаған жылдарға созылған жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, энергетика және минералдық ресурстар министрінің бірінші орынбасары, Батыс Қазақстан облысы, кейін Атырау облысының әкімі лауазымына дейін көтеріледі.

Осы жылғы сайлау науқанында Парламент Мәжілісіне депутат болып, халық сенімін арқалап жүрген Бақтықожа ағамыздың жеткен мерейлі жетістіктерінің айғағы оның әр жылдары алған марапаттары болар. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекетіміздің жоғары марапаттары – «Құрмет» және II дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері атанады.

Жасынан білімге сусындап өскен жас жігіт мұнай институтының бұрғылау технологиясы зертханасының аға инженері қызметін атқара жүріп ғылыми зерттеулермен айналысады. Еңбегі ақталып, техника ғылымының докторы атағын алып, сол жылдары Қазақ геологиялық барлау және ғылыми-зерттеу институты директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары болып қызмет істеп жүрген Бақтықожа Салахатдинұлы Кеңес Одағы кезінде білікті маман ретінде Йемен Халық Демократиялық Республикасының мұнай өндірісін дамытуға көмекке жіберіледі. Төрт жыл бойы сол елге Кеңес Одағы мұнай барлау тобының аға инженері ретінде сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, есімі КСРО-ның Йемендегі елшілігінің Алтын кітабына жазылған. Ал 2008 жылы Бәкең Украинаның «Еңбегі үшін» орденімен марапатталды. Осының бәрі білім мен қажырлы еңбектің жемісі емес пе?

Жасыратыны жоқ, аз ғана атақ-даңққа қолы жеткендердің кейбіреулері аспанды тіреп тұрғандай мардымсып кететіндерін де көріп жүрміз. Бақтықожа ағамыз ондай тәкаппарлықтан ада. Әрқашан қарапайым, байсалды қалпынан танбайды, шен-шекпеннен де адамгершілікті жоғары қояды.

– Бақтықожа Салахатдинұлымен қызмет бабында араласып жүргенде байқағаным, ол кісі қандай жағдай болса да, жаратылысынан біткен байсалдылығын жоғалтпайды, – дейді Солтүстік Қазақстан облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Есмақұлы Елеусізов. – Бұл жоғары мәдениеттілік пен терең білім ұштасып жатқан адамдарға тән қасиет пе деп ойлаймын. Әрдайым үлкенмен де, кішімен ашық-жарқын сөйлесе беретін Бәкеңнің қарапайымдылығына сырттан қараған кейбіреулер оны ғұлама ғалым, қалың елге танымал қайраткер, еңселі тұлға деп ойламайтын да шығар. Тек өлеңдерінен ғана Бәкеңнің сырға толы жан дүниесінің байлығына, сәбидей пәк сезіміне бойлай аламыз.

Адам табиғатының жұмбақ қырларын ашып, өмірдің мән-мағынасын түйсінуге талпынған ақын:

«Өтерміз бұл дүниеден үйренумен,
Жандардан жаны таза кір шалмаған», –

деп түйіндейді өз ойын. Дана Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір жақсыны көрсеңіз» деген нақылымен сабақтасып жатқан бұл жолдар өмір мұраты тынымсыз ізденуде, ізгі жандардан ғибрат алып, рухани байлығыңды толықтыруда, Абайша айтқанда, «кемел адам» болуға ұмтылуда деген философиялық пайымдауға жетелейді.

Рухани кемелдену, толығу, жақсыдан үйрену сәби бесікте уілдеп жатқанынан бастап тәні жалған дүниеден жер қойынына берілер сәтке дейін жалғасатын тіршілік қой. Бүгінгі күні алдамшы жылтырақпен Алланың пендеге берген екі нығметінің бірі уақытты босқа өткізіп жүрген жастарға ой салатын өз ұстанымын ақын мына екі жолға сыйғызыпты:

«Жанына ергім келіп жақсылардың,
Ортада жүріп талай бақ сынадым».

Бақтықожа Салахатдинұлының «Қоршаса ойлар...», «Жыр жолымен» атты екі жинағына енген өлеңдерінен асқақ азаматтық рух та, нәзік лирикалық бояу да, терең философиялық толғамдар да табылады. Тек жалғандықты жаны сүймейтін ақынның туындыларында кейбіреулерде кездесе беретін жасанды сөз, көпірме пафос жоқ. Қоғамның қан тамырын дөп басып, «тілім менің жүрегім, ар-ұятым» деп ұлт мүддесін ту етіп көтерген ақын ана тілінің бүгінгі мүшкіл халі, тәуелсіздігімізге қатер төндіретін жемқорлық, қазақ халқының демографиялық ахуалы сияқты әлеуметтік кеселдер жайлы поэзия тілімен ашық айтады, қазақ санасын оятуға талпынып тебіренеді.

Ақынның «Жыр жолымен» жинағына арнау сөз жазған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Ғалым Жайлыбай: «Бақтықожа жыры – тіршіліктің тамырындай, айтар ойдың анығындай тұтас жыр» деп баға берген екен. Артық, кемі жоқ, ықшам да, әділ пікір.

Бақтықожа ағамыздың ұлттық шеңбермен ғана шектеліп қалмай, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар туралы толғаған ойларының сырт жұртқа да тартымды болғанынан шығар, оның лирикалық жырлары, дастандары орыс, башқұрт, татар, түрік тілдеріне аударылып, елімізден тыс оқырмандар жүрегіне де жол тапқан.

Алтын күзбен бірге келген мерейтойын қарсы алып отырған Бәкеңнің «Тұншығып соны шумақ тізбектері, Шыға алмай кезек күтіп көңілде жүр» деп оқырманмен сыр бөлісуіне қарағанда, оның жырсүйер қауымға берері әлі де мол деп ойлаймыз. Тек Алла Тағала ұзақ ғұмыр беріп, тағдырдың тартқан сыйы – ақындық жолын жалғастыра берсін дейміз.

Марат ЕРМҰҚАНОВ.

МЕРЕЙ

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ БАСТАУЫНДАҒЫ ТҰЛҒА

Қожеке Назарұлының туғанына 200 жыл

Нарынқолда Жетісу күй өнерінің бастауында тұрған ұлы күйші, күрескер тұлға, даңқты бабамыз Қожеке Назарұлының 200 жылдығы аталып өтті.

Небары 58 жасында басы айдауда, бармағы шайнауда кеткен, ұлт азаттығы үшін жанын пида еткен, тағдыры ауыр болса да, өмірі ұрпаққа өнегелі ұлы тұлғаның тойы ресми түрде тұңғыш рет тойланып отыр.

Ғылыми-практикалық конференция форматында өткен алқалы жиынға ел Президенті арнайы Құттықтауын жолдады. Қасым-Жомарт Кемелұлының Хан-Тәңірінің етегіндегі елге сәлемін кеңесшісі Мәлік Отарбаев арнайы келіп, халық алдында оқып берді. Мемлекет басшысы атынан Қожекеңнің шөбересіне арнайы сый-сияпат көрсетілді.

– Қожеке бабамыз күй өнерінің негізін салушы. Оның жасаған ігі істері елдің есінде сақтаулы. Сондай-ақ, ол қиын-қыстау заманда ел бастаған. Даңқты күйшінің мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттау – парыз. Осы жолда атқарар іс көп, – деді фольклортанушы-ғалым, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов.

ТҰСАУКЕСЕР

Жаңа кітап жарыққа шықты

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында филология ғылымының кандидаты, доцент, профессор Бұлдыбай Анарбайдың «Қабан (Қабылиса) жырау» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Бұл кітап – XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында Жетісу өлкесінде өмір сүрген жырау Қабылиса Асанұлының шығармашылығын талдауға арналған алғашқы толыққанды монографиялық еңбек. Сондай-ақ, кітап жыраудың текстологиялық талдаудан өткен өз шығармаларынан және жырауға арналған өлең-жырлардан тұрады.

Шараны ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазиұлы жүргізді.

Жиынға белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар мен зерттеушілер, профессорлар, оқытушылар мен студенттер, кітапхана қызметкерлері, оқырмандар және БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шарада әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Жанғара Дәдебаев, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Өтеген Оралбаев, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, академик, профессор Бауыржан Жақып, сыншы, ғалым, филология ғылымының докторы Дандай Ысқақ, филология ғылымының докторы Шәмшідин Керім, педагогика ғылымының докторы, академик Тұрсынбек Баймолдаев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жамбылтану» орталығының басшысы, профессор Алмасбек Мәуленов және т.б. сөз сөйледі.

Іс-шара аясында жыршы, термеші Әбіш Әділбеков Қабан жыраудың «Арғымақ жабы көрінен» толғауын орындаса, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншісі, термеші Нұршат Ақбаева Сыр өңірінің термесін шырқап, жырдан шашу шашты.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»

Алматыдай қала бар ма?..

Рая ЕСКЕНДІР

Алматыда тұратын әрбір тұрғын күн санап сәулеті мен дәулеті тасыған шаһардың табысына аз да болса үлесін қосқанына марқайып жатады. Өйткені, Алматы – болашақтың қаласы! Өмір сүруге өте ыңғайлы қала. Тамылжыған табиғаты жазда сая болса, қыста ық. Оның үстіне іздеген адамға жұмыс та тез табыла кетеді. Соңғы жылдары қала басшылығы еліміз бойынша ең ауқымды жобаны іске қосты. Айтулы жоба пилоттық режимде 2019 жылы іске қосылды.

Жобаның артықшылығы қала тұрғындары шаһарды қалай абаттандыру керек, жайлы өмір сүру үшін ең қажет деген мәселелерді өздері шешеді. Әрине, бұған дейін тұрғындардың пікірімен ешкім санаспағанын еске алсақ, енді олардың өз ұсыныстарын енгізуге мүмкіндігі бар. «Бюджетке қатысу» бағдарламасының артықшылығы кез келген тұрғын қалалық ортаны дамытып, жақсартуға қатысты өз идеясын ұсынса болады. Ең бастысы, дауыс беру процесінде бастамаға басқа тұрғындар қолдау білдірсе, ол жоба қалалық бюджет есебінен іске асырылады. Қазіргі уақытта қала тұрғындарының идеялары мен бастамаларын жүзеге асыру үшін 15,5 млрд теңге бөлінді. Қала тұрғындары өздерінің белсенді азаматтық ұстанымдарының арқасында демалыс аймақтары, саябақтар, аулаларда демалуға және бос уақыттарын тиімді өткізуге болатын мүмкіндікке қол жеткізіп отыр. Жалпы, қаланың келешегі қандай болады – ол әрбірімізге байланысты. Жетісу ауданында бағдарлама аясында балалар мен спорт алаңдарын, скейт-парктерді, скверлер мен жағалаулардағы аллеяларды абаттандыру бойынша 23 жоба іске асырылып жатыр.

Бір кездері тозығы жеткен аумаққа бүгінде футбол алаңы мен ойын алаңы орнатылды. Мұндай өзгерістердің болып жатқаны қала тұрғындарының белсенділігін арттыра түсіп, барлық алматылықтарға өз идеяларын ұсынудан қорықпауға және жобаға белсенді қатысуға кеңес береді. Қазір тұрғындар аулаларды жөндеу мен қайта жаңарту бойынша өз идеяларын әлі де ұсынып жатыр. Әсіресе, аумақты абаттандырған жерлермен тек жаяу адам ғана жүрмей, көліктердің де өтуіне ыңғайлы етіп жасалған.

Жалпы, «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аулаларды жаңартуға кеңінен жасалып жатқан мүмкіндік. Себебі, тұрғындар жөндеу жұмыстарын жасау үшін өздері қомақты қаражат жинай алмайтын еді. Тұрғындардың дәл қазіргі ең басты мәселесі – жөндеуден өткен ауланы күтіп, көздің қарашығындай сақтағаны. Әттеңайы, жөндеу жүргізілген аулалардағы балалардың ойын алаңдарының алды сынып, жарамсыз болып қалған.

«Бюджетке қатысу» жобасы аясында «Айнабұлақ», «Құлагер» ықшамаудандарындағы 101 аула ағымдағы жөндеу жұмыстарынан соң сәулетті демалыс орталығына айналды. Тұрғындар әлі де аулалар мен алаңдарды жөндеп, тротуарларды орнатуды, спорт алаңдарын, орындықтар мен урналарды, шамдарды қоюды, жаяу жүргіншілер аймақтарын құруды ұсынып жатыр. Бұдан өзге, «жасыл» жобалар да ұмыт қалған жоқ. Тұрғындар тал-терек отырғызып, қаланы көгалдандыру, контейнерлік алаңдар орнатуды сұрайды. Сіздің де өзіңіз тұрып жатқан тұрғын үйді жарықтандыру, үй аумағын безендіру немесе сәулеттік формаларды орнатудың басқа да жаңа тәсілдерін ұсынуыңызға болады.

Бір ескеретіні, бір тұрғын бір ғана өтініш жібере алады. Ең бастысы, сіздің ұсынысыңыз жекеменшік емес, қала аумағына қатысты болуға тиіс.

ҚОЛДАУ

Көмек көрсетіліп жатыр

Қазір М.Жұмабаев атындағы №137 жалпы білім беретін мектепте «Мектепке жол» акциясы өтіп жатыр. Акция барысында оқуға тартылмаған балалар анықталып, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары мен ата-анасының қамқорлығынан тыс қалған оқушыларға көмек көрсетілуде.

Мектепте акцияны ұйымдастыруға байланысты арнайы бұйрық шығарылып, атқарылатын жұмыстардың жоспары бекітілген еді. Жоспарға сай, қайырымдылық қабырғасы жасалды. Бұл ретте білім алуға қажетті барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық және түсіндірме жұмыстарының жүргізілгенін айта кеткен орынды. Мектеп мұғалімдері «Айнабұлақ» ықшамауданында орналасқан әртүрлі жұмыс орындарына рейд жүргізіп, көмекті қажет ететін оқушылардың тізімін анықтады.

Барлық жұмысты мектеп директоры Сандуғаш Ақшалова басшылыққа алып, өзі бастап көмекке мұқтаж отбасы балаларына қолдау көрсетуде. Сонымен қатар, ата-аналар да қаржылай, киім-кешек, оқу құралдары секілді керек-жарақтармен барынша көмек көрсетіп жатыр. Көмек қолын созған қайырымды жандарға ата-аналар мен оқушылардың атынан алғыс айтамыз.

Нұрбол ЕРБОЛҰЛЫ,
М.Жұмабаев атындағы
№137 ЖББ мектептің әлеуметтік педагогы.

ҚҰҚЫҚ

АТА ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – ПАТРИОТТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІСІ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының жетекші саласы еліміздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысының негіздерін, жеке адамның құқықтық жағдайын, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық мәртебесін баянды ететін маңызды құқықтық нормалар жиынтығы – конституциялық құқық саласы болып табылады.

Конституция нормалары негізгі заң ретінде, еліміздің барлық құқықтық жүйесі үшін негізгісі болып табылады. Басқа құқықтық нормалармен салыстырғанда басымдыққа және жоғары заңдық күшке ие. Заңдар мен басқа құқықтық актілер Конституцияға қайшы келмеуге тиіс.

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, ол басымдық ететін қоғамдық күштердің еркін білдіре отырып, сол елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылысын, құрылымын, сонымен қатар, әртүрлі қоғамдық органдардың қызметін көрсетеді.

Ата Заңымызға сүйене отырып әр Азамат өз елінде бақуатты өмір сүріп, қызмет етуге барлық мүмкіндіктер бар. Ол үшін әділеттіктен таймай құқықбұзушылықтан алшақ болып, заңдылыққа үстемдік беру қажет. Осы міндеттемелерді бұлжытпай орындайтын дарынды, білімге құштар, өнерлі жастар ұрпағы өсіп жетіліп келеді. Мемлекетті дамытып, халықтың тұрмыс сапасын арттыру мен салауатты болашақ пен ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі білімді Тәуелсіз Қазақстан жастарының қолында.

Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 28 жыл. Осы аралықта Конституцияға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бүгінде тәуелсіздіктің төлқұжаты саналатын Ата Заң халық пен мемлекет арасындағы коммуникативтік күшке айналды. Жеке адамның құқықтық мәртебесі негіздерін баянды еткен Конституция, қоғамдағы адам мен азаматтың және мемлекеттің жағдайын, жеке адамның негізгі құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін сақтауды, оның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткенімдей, Конституцияның маңызды ерекшеліктерінің бірі – адам мен азаматтардың құқықтық мәртебесін жариялауы болып табылады. Ата Заңымыздың мазмұнын оңды-солды оқып, сараптап шықса, болашақ заңгерлер ғана емес, әрбір жас жеткіншек, негізгі құқықтары мен міндеттері көз алдында анықталып, баптары түсінікті болып маманданған заң кеңесін тарата алар еді.

Ертеңгі болашақ – жастар болғандықтан, осы Ата Заңымыздың маңыздылығын, мәртебесін жоғарылатып, түсіндіріп, заңы үстем елдің заманы қашан да тыныш болмағын жеткізіп, Ата Заңымызға құрметпен қарауын насихаттау – әділ мемлекет құру жолындағы маңызды қадам екенін жеткізу деп білемін.

Райхан БӨЛЕКБАЕВА,
Д.А.Қонаев атындағы колледж директоры, заңгер.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

4 МЛН-ДЫ ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМТИДЫ

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті «Тарифті инвестицияларға айырбастау» қағидатына көшу шеңберінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ жөндеу жұмыстарының орындалуына қатысты баспасөз турын өткізді. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (АЖК) – республиканың оңтүстігіндегі ел-жұртқа электр энергиясын беру мен бөлу жөніндегі ірі өңірлік электр желілік компаниялардың бірі.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЖК Алматы өңірінің 4 миллионға жуық халқын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Компания атап өткендей, бүгінде АЖК энергетиктері ұзындығы 74,581 км-ден асатын әуе және кабель желілерінде жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ, 14 бірліктен астам қуатты трансформаторларға жөндеу жұмыстарын жасауда.

Сапар барысында Департамент «РЭҚ-2 бойынша 10-6-0,4 кВ электр желілерін қайта жаңарту мен жаңасын салу, электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру барысында шамадан тыс жүктелген және нормативтік мерзімде жұмыс істеген КЖ ауыстыру» және «РЭҚ-4 бойынша 10-6-0,4 кВ электр желілерін қайта жаңарту және жаңасын салу, электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру барысында шамадан тыс жүктелген және нормативтік мерзімде жұмыс істегендерді ауыстыру» жобаларын іске асыру жұмыстары бақыланды.

Жоба аясында «Asia Group Energy» ЖШС мердігерлік ұйымымен жасалған шарт бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаға сай, АЖК-да қолданыстағы электр желілерін реконструкциялау мен жаңа электр желілерін салу, сондай-ақ ескірген жабдықтарды ауыстыра отырып, қолданыстағы трансформаторлық қосалқы станцияларды реконструкциялау жөніндегі жұмыстар тексерілді.

Әлбетте, электр желілерін қайта құру қажеттілігі қолданыстағы кабельдік желі мен электр қондырғыларының физикалық тозуының жоғары деңгейінен туындайды. Осы жобаларды іске асыру желілердің өткізу қабілетін арттыруға, электр энергиясын беруге техникалық шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асыру электр желілеріндегі энергияны жоғалту деңгейін төмендетуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте болашақта жаңа тұтынушыларды қосу барысында желіні кеңейту мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Желідегі кернеудің сапасы, сондай-ақ қаламыздың Алмалы мен Түрксіб аудандары тұтынушыларының бір бөлігін, соның ішінде әлеуметтік объектілерді электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет нысандары, қалалық инфрақұрылым, қаланың тіршілігін қамтамасыз етудің стратегиялық нысандары, т.б. нысандарда жұмысты аяқтау мен нысандарды пайдалануға берудің жоспарланған мерзімі – билығы IV тоқсан.

АЖК департамент бекіткен инвестициялық бағдарламаны іске асыруды жалғастыруда. 2023 жылы барлығы 18,3 млрд теңге бекітілді. Соның ішінде, қосымша іс-шаралар 5,04 млрд теңгені құрайды. Инвестициялық бағдарламаны орындау барысында «Тарифті инвестицияларға айырбастау» қағидатына көшу шеңберінде 5288 негізгі жабдық пен 134,24 км желіні жөндеу жоспарлануда.

«Биылғы тамыз айындағы жағдай бойынша айтар болсақ, 36 бірлік ТП жөнделді, 13 бірлік блоктық-модульдік ғимарат монтаждалып, 120 км кабельдік желі салынды. Жыл соңына қарай кәсіпорынның негізгі жабдықтарының тозуы 1,42%-ға төмендейді деп болжануда», – дейді Табиғи монополияларды реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің өкілдері.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді **«Almaty aqshamy»** газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz.** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

** мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
** бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
** әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ALATAY AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataý Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, бетте лді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖОМАРТ КҮЗДІҢ ТАРТУЫ

Елімізде астық жинау басталды

Диқан мен егінші қауымның ала жаздай атқарған қарбалас жұмыстарының жемісін таразылар сәт туды. Алтындай тербелген алқапта комбайнның гүрілін жүртшылық та көптен сағына күткен еді. Қызылорда мен Түркістан аймақтарында күрішті саралап ору басталды. Бәлкім, аңызақ жел мен аптап ыстықтың әсері ме, биыл бұл науқан жылдағыдан сәл ертерек қолға алынды. Солтүстік аймақтар да, атап айтқанда, петропавлдық диқандар да бидай жинауға кірісті...

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Бабаларымыз жылды 12 айға бөлгенде алғашқы алтауын (наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз) жылы маусымға, екінші алтауын (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан) суық маусымға жатқызған. Қазір жылы маусымның соңғы күндері ғана қалды, ары қарайғы кезек – суық маусымдікі. Мұны қазекем өліара шақ деп атаған.

Алдағы мезгілдердің (күз, қыс, көктем) қандай болатыны осы өліара шақтағы табиғат құбылыстарына байланысты болмақ. Айталық, өліара шақ жауын-шашынды болса, қыс боранды болады. Шолпан жұлдызы таңертең туса, қыс шаруаға қолайлы болып, көктем ерте шығады.

Өткен жолы пайымымызда Таразы жұлдызының туғаны туралы жазып, «Таразы туса, таң суыйды» деген қазақтың мақалын еске салғанбыз. Бес жұлдыздан тұратын Таразы шоқжұлдызы тамыз айының соңынан мамыр айының ортасына дейін аспан төрінде көрініп тұрады. Бұл шоқжұлдыз төрт түліктің жайымен жиі көшіп-қонып отырған халқымыздың жыл маусымдарын, әр айда туатын амалдарды біліп, соған қарай қам-қарекет жасауына ықпал еткен.

Алдымызда күздің басы – Қыркүйек айы. Ол жоғарыда айтқанымыздай, алты айдан тұратын суық айлар легінің көшбасшысы. Осы айда аптап ыстық басылып, мал тойынып, егін-тегін, бақша өнімдері толық піседі, шаруаның ала дорбасына түседі.

Бұл ай атауы мал шаруашылығына байланысты шыққан. Қой мен ешкінің төлдеу мерзімін жылдың жылы айларына келтіру, малдың қоңын толықтыру мақсатында жаздың басында қошқарлар мен текелерге күйек байлаған. Ал осы байланған күйек тоқсан күннен соң алынып, аталық малдар еркін жіберілген. Сол себепті, қыр қазақтары күйек ағытатын уақытты «қыркүйек» деп атаған.

«Үш ай тоқсан болғанда,
Құтылар қошқар күйектен», –

деп айтылатын көне жырлар бұл сөзімізді толықтыра түседі. Бүгін туған айдың 7-ші жұлдызы (қолданыстағы күнтізбе бойынша тамыздың –24-і). Тәжірибеден көріп жүргеніміздей, әрбір айдың басы, ортасы және соңы өзгеріссіз болмайды. Осы негізге сүйенсек, алдағы 3-4 күннің көлемінде жауын-шашын болуы әбден мүмкін. Жаңбыр соңы қайтадан шуақты күндерге жалғасады.

Алда – «Мизам шуақ» бар. Көнекөз адамдардың: «Мизам шуақ» келмей, күз басталмайды, күн суытпайды» деген болжамы бар.

Қыркүйекте ауа райы салқындайды. Шық түседі, шуақты күндері де бар.

БАБАЛАР АЙТАДЫ

ЖАЗДА:

**** Күн кенет ысыса, ұзамай жауын жауады.***
**** Құйын көп болса, қыс аязды болады.***
**** Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.***
**** Аңызақ ыстық болса, қыста аяз болады.***
**** Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.***
**** Бұлт желге қарай көшсе, ұзамай-ақ жаңбыр жауады.***
**** Өліара жазда жауын-шашын болса, қыста боран болады.***

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ	€ EUR/KZT 494,18 теңге	$ USD/KZT 453,13 теңге	₽ RUB/KZT 4,81 теңге	¥ CNY/KZT 62,13 теңге